Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№17 (37), 18 қыркүйек, жұма, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

ЖАН ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛМАҒАН ОЙШЫЛ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 10 тамыз Абай күні болып белгіленді. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге 175 жыл бойы өмір сүріп келеді, мәңгі өмір сүре бермек!

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай атамыздың 175 жылдық мерей тойына келіп жеттік, осындай атаулы даталарды той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін керек.

Қазақты тану үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болу шарт. Абайды тану – қазақтың өзін-өзі тануының басы да, соңы да! Абайды тану – Абай айтқан сындардан толық қорытынды шығару деп білеміз. Айдай анық нәрсе, Абай ақын ғана емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының төрдегі басын есікке сүйреп келген, басты міндерін батыл көрсетіп берген тұңғыш дана сыншымыз да! Өкінішке қарай, Абайдың сол әлеуметтік-философиялық өткір сындарын қабылдау мәдениетіміздің төмендігі салдарынан әлі күнге толық қабылдап, толыққанды қорытынды шығара алмай жүргенімізді жасырғанмен, бәрібір ол кемшіліктен арыла алмаймыз ғой.

(Жалғасы 2-бетте)

Лағыл лебіз

ЖЕТПІСТІҢ ЖЕЛКЕНІН КЕРГЕН ҚАЛАМГЕР

Қыркүйек айының 12-жұлдызында ҚР Білім беру ісінің озық қызметкері, тың танымды тарихшы, өлкетану және археология ісінің білгірі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, айтыскер ақын, сыршыл да нәзік поэзиясы көпшілік оқырманның ыстық ықыласына бөленген қарымды қалам иесі, «Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы – Солтанаев Молот Мұсаұлы ағамыз жетпіс жасқа толды.

Солтанаев Молот Мұсаұлы 1950 жылы 12 қыркүйекте Алматы облысы, Панфилов ауданы, Қорғас ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Алмалы сегіз жылдық мектебінің 1 сыныбына барып, Крылов атындағы орта мектепті 1969 жылы бітірді. 1981 жылы Қазақ мемлекеттік С.М.Киров атындағы университеттің тарих факультетін бітірген. Алматы облысының Күрті ауданы Құйған ауылындағы Н.Бозжанов атындағы орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, мектеп директорының орынбасары болып жұмыс істеді. 1985 жылы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 40 жылдығына байланысты өткен Алматы облыстық ақындар айтысында Күрті ауданынан қатысып жүлдеге ие болған. 1987 жылы Кеген ауданындағы Кеген орыс орта мектебінің директоры, Кеген аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Кеген аудандық білім бөлімінің әдіскері қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 1995 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталған. Осы жылы туған ауылына оралып, Басқұншы ауылындағы мектепте сабақ берді. 1999 жылдан бастап Алматы облысы Панфилов ауданы Алмалы ауылындағы Елтінді батыр атындағы орта мектептің директоры (2017) қызыметін атқарды. Молот Мұсаұлы 2003 жылы шыққан «Жаңа технологиямен жұмыс» әдістемелік кітабының, 2004 жылы «Ауылым баурайында Бестөбенің», 2016 жылы шыққан «Жүрегім құрақ жапырақ» атты жыр жинақтарының авторы.

Жетпістің желкенін керген қаламгерге өмірдегі бар жақсылықты тілейміз. Алла берген бағыңыз баянды болып, тәрбиенің тұнығымен өсірген ұл-қыздарыңыздың, немере-шөберелеріңіздің қызығын көре беріңіз, жүз жасаңыз дейміз.

«Жаркент айнасы» газетінің ұжымы

БАСПАСӨЗ – 2021

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2021 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңіріміздің өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 1 жылға жазылу бағасы 2800 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін.

ЖЕТІСУ – КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ТАРИХИ МЕКЕНІ

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

Арқас тауының бауырында созылып жатқан Сарытаудың қыратты төбелерінде Мойынши аталатын бұлақтың солтүстік жағындағы биіктеу жалдың үстіндегі ерекшелеу, сол төңіректегі қызыл сопақшалау, жаратылысы бөлек бағана тастар тізілген жадағайлау келген үлкенді-кішілі төрт-бес обалар тізбегі жатыр. Обалардың үстіне шағындау сын тастар тұрғызылған. Жоғарыдағы келтірілген дерек көздеріне сүйене отырып тұжырым жасайтын болсақ үйсіндер б.д.д 3-2 ғасырларда Шығу қаласын орталық жасаған мемлекет құрады. Алмалы, Басқұншы ауылы орналасқан жерлерден Белжайлауға дейінгі тау бөктерін еркін иеленген үйсіндер қоныстарын салып, сол отырған жерлерінің төңірегіндегі биік, су бойынан алыс қыраттарға өмірден өткен адамдарын жерлеп, діни рәсімдерін жасап, бастарына тастан, топырақтан үйіп обалар тұрғызған. Жоғарыдағы мен санамалап шыққан аймақтардағы жүздеген обалардың жатуы және б.д.д. 3-2-ші ғасырлардағы үйсін тұрғындарының қолымен жасалған көне археологиялық заттардан бастап қазіргі заманға дейінгі жасалған жәдігерлердің табылуы соның дәлелі. Олай дейтініміз табылған жәдігерлердің әр заманнан көрініс беруінде. Б.д.д. 3-ғасырларда жасалған үйсіндік қыш құмыралар мен 9 ғасырдағы (Алмалыдан табылған) шыңылтыр құмыралар, 10-12-ші ғасырға жататын қоладан жасалған өрнекті шамдал ыдыстың сынығы, хум ыдыстардың жарқыншақтары, 12-13 ғасырлардағы дамыған қала мәдениетімен (Ілебалық қаласының орнына жүргізілген қазба жұмыстары кезінде шыққан әсемдік бұйымдар қазынасы) ұштасқан кездердегі заттар мен 1880 жылдарда соғылған қытай жармақтарының табылуы біздің Жаркент аймағының Жібек жолы бойындағы толассыз қызу тіршіліктің, сауда-саттықтың артериясы болғандай.

«Чигу», «Чигучен» атаулары «Қызыл аңғар» деген мағына береді. Олай болса дәл осы атауды Қорғас өзенінің шығысы мен батысын алып жатқан биік, алыстан мен мұндалап көзге ұрып тұратын қып-қызыл жосалы таулар айғақтап тұрғандай. Өзенмен жарыса біткен ұзындығы жеті-сегіз шақырымға созылатын екі таудың аңғары Қорғас өзенін алақанына салып Іле өзеніне қарай құлайтын жазық алқапқа ұзатып шығарып жатқандай көрініс береді. Жүргізетін шаруаларының ыңғайына қарай өзендердің аңғарлары мен жағалауларын мекендеген үйсіндер әртүрлі егіс дақылдарын егіп, төрт түлік малмен айналысқан жартылай көшпелі әрі отырықшы ел болған. Соның дәлелі ретінде үйсіндердің суармалы егін шаруашылығымен айналысқанының көрінісі деп Қояндытаудың бауырынан ағып шыққан көптеген бұлақ суларынан құралатын Алмалысу шатқалының орта шенінен қиялай, күнбатысқа қарай Шетендінің қырқаларының етек жағымен көлбеулеп арық қазып шығарғандығын келтіруге болады. Малдың шұбырынды ізімен жүргізе отырып, терең қазып Өстеңі (көне түркі тілінде Үлкен арық) жасап Қайырма, Дөңгене (көне елді мекеннің орны болған. 90 жылдары егіс даласынан табылған астық сақтайтын құмыралардың «хум» шағындылары менде сақтаулы) сияқты қоныстардың егіс алқаптарын суландырған. Айтып отырған заманнан бері екі жарым мың жыл артта қалса да, үйсіндер қазып су жүргізген арықтың сілемі әлі күнге дейін мал бөктерлеп шұбап жүретін жалғыз аяқ соқпақ болып жатыр. Алмалы ауылының ортасын солтүстікпен оңтүстікке бөліп батысқа қарай ағып жатқан өзенді де сол ежелгі үйсіндер Қорғастан бастап Қайырма қыратының етегімен бөктерлете қаза отырып Бестөбенің жотасының бауырымен ылдыйлата ағызып қазіргі Алтыүй ауылының солтүстігімен алып өтіп, жолдан таудан ағып жатқан кішігірім өзен суларын қосып молайтып алып Үсек өзеніне дейінгі аймақты түгел суландырған. Мал шаруашылығымен айналысып, әрі отырықшылыққа бейімделе бастағаннан кейін егін салумен қатар ағаш отырғызып, оны қоныстардағы баспаналарын жабуға, төсенімге пайдаланған.

Үйсіндердің мекендеген тұрақтарының, қоныстарының маңынан қорғасын, алтын, мыс сияқты металдарды, яғни, кен өндіргені мынадан айғақталады. Мысалы, Жаркент өңіріндегі Басқұншы ауылынан әртүрлі жер қазу жұмыстары кезінде табылған бірнеше тас келсаптар мен тастабақ (кен кесектерін салып үгіту үшін) ыдыстары дәлел бола алады. Алмалысу шатқалының басындағы тығырықта үйсіндердің кен қорытқан орындары мен қорытпалары (шлактар) шашылып жатқан жер де бар. Үйсіндер металл қорыту саласында да алдыңғы орынға шыққандығы осыдан білінеді. Олар қоныстанған жерлерінің бәрінде белгілі бір кәсіппен шұғылданған және өндіріс орындарын жүргізгеннен қалған іздері көп.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ЖАН ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛМАҒАН ОЙШЫЛ

(Басы 1-бетте)

...Біріңді қазақ бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Малыңды жауға
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас...

Әлем әдебиетінде Абай секілді алыптарды танутудың сан түрлі жолы бар. Орыс әдебиеті Пушкинді әлі күнге зерттеп, зерделеп біте алмай жатыр. Бір қуанарлығы біз данышпан Абайдың да сондай қырларына дендеп ене бастадық. Мысалы, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын ақ орда десек, әлгі жазылып жатқан, жазылатын еңбектер оның көркіне көрік қосатын ақшаңқан отаулар ретінде кең қанат жая береді.

Абай поэзиясы – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп, сезіледі. «Ұлы ақын Абайдың қазақ әдебиетіне XIX ғасырда және XX ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей, сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасына арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Әсіресе, бұлардың саны, Абай шығармалары қазақ сахарасына жайыла бастаған сайын молая түскен», – дейді Мұхтар Әуезов.

Абай нағыз адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге ол мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Абай шығармашылығында адам бойындағы қайырымдылық, қанағат секілді адамның қалыптасуына себепші иманды қасиеттер де талданған. Кант, Достоевский тәрізді ұлы гуманистер «қайырымдылық», «қарапайымдылық» секілді ұғымдарды тұлғаны қалыптастыратын басты белгі деп қарастырған. Нағыз адамды білімділік, ақылдылық, біліктілік, ғылымсүйгіштік қасиеттер анықтайды деп тұжырымдайды. Дана ақынның пайымынша, адамшылықтың мұратына жетудің негізгі құралы - шығармашылық ойлау. Абайдың айтуында, ой кісіге табиғат құбылыстарын ғана емес, адам өмірін талдау, қорыту, салыстыру үшін берілген.

Нағыз адам мұратына жетудің екінші шартын Абай еңбек, қызмет деп есептейді. Ақын еңбек туралы да жаңа сөз айта алды. Ол қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. Абайдың айтуынша, еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. Еңбектің өмір сүру құралы екендігін баршаға насихаттайды. Ғылымды игеру, тану, білімді болу – табан ақы маңдай тердің, еңбектің мәні. Сондықтан ақын еңбек пен мақсатты өлеңдерінде асқақтата жырлады.

Абай қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет өз заманында халықты толғандырған қоғамдық және саяси өмір проблемаларын күн тәртібіне қойды. Ол қазақ қоғамының қайшылықты жақтарын, замандастарының алауыз берекесіздігін, патшаның отаршылдық саясаты қоздырып отырған рулық тартыстардың елдің бірлігіне келтірген зиянын қатты сынай отырып, еңбекші елге іш тартты, халықты озық мәдениетке сүйреді. Ол халықтардың оңашаланып өмір сүретін дәурені өткенін, ендігі жерде ел болудың кепілі - дамыған көрші елдермен қарым-қатынас жасауда екенін айтты. Елді сол жолда бірігуге, ынтымақтастыққа шақырды. Уақыт талабын заманынан оза шауып түсіну - Абай даналығының белгісі. Ол шындықтың ақыны болып туды, солай өмір сүрді. Оның өлеңдерін оқи отырып, одан жалғандық табу қиын. Өлеңдерінен қазақтың ұлттық табиғатына тән шындық мөлдіреп көз алдыңа келеді. Ұлы суреткер есебінде Абай оны көркем бейнелеудің жаңа жолын тапты. Оның өлеңдері өзінің қарапайымдылығымен, табиғилығымен құйылып, ойға, сезімге ұялайды. Сондықтан ол қазақ әдебиетіндегі тұңғыш ұлы суреткер саналады. Абай ақын боп сөз жазып қана отырмаған, өз өлеңіне өзі ән шығарып таратқан. Оның композиторлық шығармашылығы біздің халықта ерекше бағаланады. Қазақ даласында бірінші шырқалған Татьяна тек Пушкинді ғана насихаттап, халыққа таратып қана қойған жоқ, сүйгеніне қосыла алмаған мұңды орыс қызын қазақпен байланыстырды. Абайдың жастайынан көргені, естігені халық әдебиеті, бай фольклор, жеке ақындар творчествосы болды. Жасынан әке ырқымен ел ісіне араласқан Абай сөз сырын жақсы білді, дау ұстағандардың талай сынынан өтті, шешен атанды, төбе билікке де сайланды.

Абай атамыздың «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиетін тұшымды ойын, пәлсапаға толы асыл сөзін санамызға сіңіріп, мағынасы ұшан-теңіз оймен өрбіген қара сөздерін жете түсіну арқылы өркениеттің биік шыңына шарықтаймыз. «Бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын мына» заманда Абай атамыздың тағылымы терең туындылары ауадай қажет. Себебі ұлы тұлғаны үлгі тұтатұғын ұрпақтың ұлы болуы заңдылық емес пе?! Ендеше, Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болып, қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне берсін!

P.S. Жуырда Көктал ауылдық кітапханасында Абай әлемін жас ұрпақ санасына сіңіру мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараға Көктал ауылы Ардагерлер қоғамының төрағасы Сайлау Солтанқұлов, Д.Қонаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Айнұр Умралиева, кітапханашы Гүлмира Қасенова және өлеңсүйер қауым қатысты. Дөңгелек үстел барысында Г.Қасенова ақын өміріне қысқаша тоқталып өтсе, Сайлау Тұрлығазыұлы Абайдың тағылымы, өсиеттері, ұрпақтары туралы әңгімеледі. Айнұр Қайратқызы ақынның әкесі Құнанбай, әжесі Зере, анасы Ұлжан туралы біраз қызықты мәліметтерімен бөлісті.

Гүлмира ҚАСЕНОВА,
Көктал ауылы.

КЕРІМАҒАШ – АРАСАН, ПАЙДАСЫ ОНЫҢ ОРАСАН

Ұлан-байтақ жеріміздің оңтүстік-шығысындағы жазиралы Жаркент жеріне қадам басқан кез келген жан өлкеміздің табиғи сұлулығына таңдай қаға тамсанып, таң-тамаша болары анық. Өйткені Жаркент жері – табиғаттың тұнып тұрған таңғажайыптар көрмесі тәрізді.

Алатаудың ақбас шыңдарынан Іленің ақшулан айдынына дейін көсіліп жатқан кең алқап – көркемдігімен көз қуантатын көріністерге толы алқап. Жазиралы өңір – әйгілі «Айқай құм», ерекше сәулетімен елді тамсандырған Уәлібай мешіті, жеті ғасыр жасап, қазақ жеріндегі барша тарихқа куә болған «Киеліағаш», сан алуан дертке шипа болған тоқсан градустан астам ыстық қайнар суы бар Керімағаш-Арасанымен де танымалдыққа ие.

Алматы облысы, Панфилов ауданы, Іле өзенінің аңғарында, Жаркент қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 36 шақырымдай жерде Қоңырөлең ауылдық округіне қарасты Керімағаш елді мекені, шипалы сумен емдейтін шипажай орналасқан.

Ел ауызындағы аңыз әңгімеге сүйенсек, ерте заманда Жоңғар шапқыншылығы кезінде болса керек, осы ауыл маңында үлкен керілген ағаш болған деседі. Сол ағашқа жолаушылар мен жорыққа шыққан көптеген батырлар аттарын байлап суытып, құрал-саймандары мен қару-жарақтарын тазалап демалған дейді. Аңыз әңгіме бойынша ол үлкен саялы ағаш болғандықтан оны керме-ағаш депте аталуы ғажап емес, кәзіргі ИВА ағашына ұқсас болуы да мүмкін.

Аңыз анасы шындық демекші, жоғарыда айтқан аңыз қазақ халқының алыстан келген қонақты ауылдың үлкендері аттан түсіріп, қонаққа қымыз не шұбат ұсынып, жас балалары қонақтың аттарын жетектеп керме-ағашқа байлайтынын еске салғандай. Ауылдың климаты өзгеше, жазы – ыстық, күн сәулесі түсетін шуақты күндері мол. Күзі – көктемнен гөрі ұзақ. Кейде самал желі болса, кейде боранды күндері жиірек болады. Қысы – қоңыржай суық. Іле өзеніне жақын орналасқандықтан қысты күні өзеннің су беті ылғалдану арқылы буланғанда ауыл көк тұманға оранатын сәттері де болып тұрады. Керімағаш-Арасан ауылы кәсіпорын нысандарынан шалғай болғандықтан ауасы таза. Ауыл маңындағы жидек аралас бұталарды мекендейтін қоян, қырғауыл тағы басқа жануарлар Керімағаш елді мекеніне ерекше көрік беріп тұрғанын байқауға болады.

Керімағаш-Арасан ауылында 1999-2000 жылдары тұрғындар саны 103 адам болса, кәзіргі таңда ауылда жүзден аса отбасы түтін түтетіп отыр. Бұл дегеніміз ауылдың өсуінің айқын көрнісі емес пе? Ауыл заман талабына сай интернет желісіне қосылған. Ауылдың кіре берісіндегі көк күмбезді Алла үйіне қарап-ақ ауыл тұрғындарының иман жолына бет бұрғанын аңғаруға болады. Ауыл имамы Асхат Қадырболатұлы мектеп жасындағы жастардың діни сауатын ашып қана қоймай, 2020-2021 жаңа оқу жылында «мектепке жол» қайырымдық республикалық акциясы жобасы аясында мешіт жамағаттарының атынан екі оқушыға 40 мың теңге сомасында көмек қолын созды.

Бірлігі мен ынтымағы жарасқан ауылда 2007 жылы білім ордасы 160 орынға шамалап, 1-11 сыныптарымен шағын жинақталған мектеп ретінде ашылды. Сол

кезде мектеп басшысы болып Р.Д.Мұхаметжанов тағайындалған еді. Қазіргі таңда «Керімағаш-Арасан ауылындағы орта мектебі» КММ-сі аудандағы кез келген білім ордасымен бәсекеге түсе алатындай жетістіктерге ие. Мектепке Ақарал, Қызылжиде, Сарпылдақ елді мекендерінен 5-сыныптан жоғары оқушылар тасымалданып оқиды.

Керімағаш медициналық пунктінде фельдшер-медсестра Қарылғаш Мұхаметқызы және мейірбике Сәуле Аманқызы өз қызметтерін жемісті түрде жалғастыруда. Осы аталған медициналық пунктке іргелес орынға ауыл жастарының бірлігі мен ынтымағының арқасында грек-рим күрес залы ашылған болатын. Грек-рим күресінің бапкері Рыскелді Орынтай ауыл жастарын спортқа баулып, ауыл азаматтарының сенімін ақтау үстінде. Тағы бір айта кетер жайт – ауыл жастары осы аталған күрес залында бос уақыттарын тиімді өткізіп жатқаны біздерді қуантады.

Ауылдың бойына қан жүгіртіп, тынысын ашып, тіршілік көзі болып тұрған Керімағаш шипажайы туралы сөз қозғамау мүмкін емес екені анық. Керімағаш ауылының дамуына ат салысып, өз елі мен жерінің тұғырын тіктеп кеткен Сүлеймен Көшкінов ақсақалымыздың ауылға сіңірген еңбегі өзгелерге үлгі боларлықтай. Бүгінгі күні шипажайдың барлық тыныс-тіршілігін қолына ұстап, оған басшылық жасап отырған Болат қажы Сүлейменұлының ұйымдастырушылық қабілетінің және болашаққа нақты батыл жоспарының нәтижесінде шипажай күннен күнге гүлдену үстінде.

Болат қажының тағы бір ерекшілігі ұлттық құндылығымызды, салт-дәстүрмен қатар ислам дінін ұштастыра білгендігі. Оған дәлел наурыз мерекесі мен құрбан айт, ораза айт, мәуліт айларын назардан тыс қалдырмауы.

«Керімағаш» шипажайы 1990 жылы ашылған. Жыл бойы жұмыс істейді. Шипажайдың ерекшелігі азық-түлік пен көкөністердің көбін өздері өндіреді. Арасан суларының түрлі ауруларға ем болатыны оның құрамының бай болуынан. Жер астында жоғары температура мен қатты қысым салдарынан түрлі түзілістер, химиялық реакциялар туындайды. Міне, осы себепті Керімағаш-Арасан суы табиғи минералдарға қаныққан, бай келеді. Ал бұл химиялық компоненттер, органикалық заттар мен газдар жоғары температура ықпалында адам ағзасының физиологиялық, артрит, жүйке және тері ауруларынан емделуіне ықпал жасайды.

Барлық арасанның бұлақ көздері зәр шығару жүйесі, ас қорыту органдары, жүйке жүйесі, жүрек-қан тамыр, тірек-қимыл мүшелерінің қозғалысы сияқты көптеген ауруларды емдеп, сауықтыра алады. Керімағаш-Арасан суына шомылғаныңызда судағы минералдар тері арқылы метаболизмді жеделдетіп, қан айналымын жақсартады. Эпидермис арқылы теріңізге енген химиялық элементтер жүйке жүйесін, эндокринді және иммундық жүйені ынталандырады. Мысалы, кальций карбонаты денсаулықтың жақсаруына және физикалық тыңаюға айтарлықтай ықпалын тигізеді.

Керімағаш Арасанында қан айналу жүйесі, тыныс алу органдары, ас қорыту жүйесі, қозғалыс-қимыл мүшелері, жүйке жүйесі, тері, уролог, гинеколог, тіс ауруларын, сондай-ақ ауыр металдармен уланған адамдарды емдейді. Ем ретінде әлсіз минералданған, сілтілігі аз, сульфат-хлоридті, натрий-кремнийлі, құрамы фторға бай гипертермальды су пайдаланылады. Минералды суының құрамы осындай шипажай тек Болгарияда ғана бар. Шипажай ғимараттарында 1 – 4 адамдық бөлмелер, бильярд және бейне зал бар, сондай-ақ дәмі аузыңнан кетпейтін ас әзірлейтін асхана, рухани байлық алуға арналған кітапхана, кез келген мұқтаждығыңды өтеу үшін дүкен жұмыс істейді. Демалушыларға минералды суы бар ванна, шығыс үлгісіндегі ерекше сауна, кез келген мезгілде тынығып дем алуға арналған қысқы бақ, физиотерапиялық емшара (процедура), ерекше емі бар бат бақ алуға мүмкіндік, массаж, тағы басқа қызметтері көрсетіледі. Шипажай қызметкерлері өз ісінің майталман мамандары екенін дәлелдеп келеді.

Сөзімді қортындылай келе Керімағаш-Арасан ауылының аз-кем қажеттілігін айта кетуді жөн көрдім, ауыл тұрғындарының айтатыны ауыз су мәселесі. Ауыз су орталық көшеге ғана тартылып басқа көшелер ауыз сумен толық қамтамасыз етілмегені. Сондай-ақ орталық көшеден басқа көшелерді де асфальттау өзекті мәселенің бірі болып тұрғаны жасырын емес. Ауыл тұрғындарының саны жылдан жылға өсіп келеді, сондықтан балабақша мәселесін осы уақыттан бастап қарастыра бергені де артық болмас еді.

Атыңнан айналдым Керімағаш-Арасан,
Қадірің сенің – баға жетпес орасан.
Алла берген ыстық суың шипалы,
Амалсыз бас иесің, құдіретіне қарасаң, – деген өлең жолдарым мен өз сөзімді аяқтағым келді.

Ұлан ЖАНҰЗАҚ,
Керімағаш-Арасан ауылы.

«Құтты білік» – қазақтың төлмұрасы

Лесновка ауылдық кітапханасында «Баласағұн даналығы» атты кітап көрмесі мен «Құтты білік – қазақтың төлмұрасы» тақырыбында бейне шолу ұйымдастырылып, оқырман назарына ұсынылды. Бұл шараның мақсаты: оқырмандарға ұлы ойшыл Жүсіп Баласағұнның өмірі мен шығармашылығы жайлы түсінік беру және имандылыққа, адамгершілікке, саналы білім алуға және әділ де қанағатшыл болуға тәрбиелеу.

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн шамамен 1019-1020 жылдары Баласағұн қаласында дүниеге келген. Ұлы ойшыл туралы, оның өмірі жайлы мәліметтер өте аз. Алғаш білім жолын Баласағұнда, кейін Қашқарда жалғастырды. XI ғасырдың ақыны философия, математика, медицина, астрология, өнертану, әдебиеттердің тіл білімі, ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнның есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтты білік» дастаны арқылы қалды. Бұл дастанды хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылы жазып бітірген. «Құтты білік» поэмасының басты идеясы – мемлекетті дұрыс басқару; бақдәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек; ақыл – парасат; қанағатсынсап мәселесі секілді төрт принципке негізделген.

Құтты біліктің негізгі айтар ойы - адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты ету. Біз «Құтты білік» дастанын мәдени-эстетикалық байлық жинақтаған қазына деп айта аламыз.

Лена САРТБАЕВА,
Лесновка ауылы.

Өлімі жұмбақ күйде қалған батыр Мұқай



Бұған дейін де заманақатпарларында көміліп жатқан ел тарихына тереңдей үңіліп, бағзыдан қалған көне жәдігерлерден суыртпақтап сыр тартып, өткен тарихымызды түгендеуге құнды-құнды дүниелерімен өзінің қомақты үлесін қосып келе жатқан қаламы қарымды жазушы-журналист Қали Тұрдығазыұлы Ибрайымжановтың жақында ғана жазып бітірген «Мұқай батыр» атты публицистикалық зерттеу кітабы тарихымыздың жиырмасыншы ғасырдағы ақтаңдақ беттерін ашуда бүгінгі және келер ұрпаққа берері мол екеніне тағы бір көз жеткіздік.

Қазақ даласының басқа өңірлеріндегі тәрізді еліміздің оңтүстік- шығысында алпауыт Қытай мемлекетімен етене шектесіп жатқан Жаркент өңірін мекендеген Ұлы жүздің бір бұтағы – Суан елінің де әріге бармай-ақ, соңғы жүз жылдықта сайқал саясат кесірінен басынан өткерген құқайы аз болмаған. Он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде патшалы Ресей мен айдаһардай айбарлы Қытай тәрізді екі империяның сол кездегі қазақ халқының ойы озық білімділері мен ел басқарушыларының көзқарасы мен пікірін тыңдауға аса құлық танытпастан ұлан-байтақ жерімізге «берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» деп өз қалаулары бойынша шекара сызығын белгілеп, бөле салуының өзі қаншама қасірет әкелді. Ел – елден, туыс – туыстан, ағайын – ағайыннан бөлініп тасталып, мал-жанға қолайлы шұрайлы жерлер жат табанында қалып, екі империяның ортасында бодандық қамытын киіп, зар-заман күй кешті. Оқиғасы сол бір дүрбелең кезеңнен бастау алған Қ.Ибрайымжановтың бұл бұл шығармасы негізінен сол заманда өмір сүріп, өлімі жұмбақ күйде қалған батыр Мұқай Байсымақовтың басынан өткерген қилы да қиын кезеңдерін баяндайды.

Деректі шығарма жазудың жауапкершілігі мен көтеретін жүгі де аса ауыр екені мәлім. Бұл тұрғыдан келгенде автор аталмыш еңбегіне кіріспес бұрын көп ізденіп, көкірегі шежіре көнекөз қариялардың көкейге қонымды баяндауларын еш өзгертусіз қағазға түсіріп, шаң басқан архивтерді сан рет ақтарғаны көрініп-ақ тұр. Бұл әрине деректі шығарма жазуда авторға қойылатын ең бірінші және ең негізгі талап болса керек.

Тумысынан өр намысты Мұқайдың жанына батқан әділетсіздікке төзе алмай өзі жалданған бай Дайшивыңнен адал маңдай тер ақысын талап етіп, балаң жігіттің түкірігі жерге түспей тұрған шонжарға қарсы тұруының өзі сирек ерліктің, ождандылықтың белгісі болса керек. Ол Дайшивыңды өлтірем деген ойдан аулақ еді, алайда дүниеге құныққан ашкөз бай Мұқайды соған мәжбүр етті. Өзгеге сілтеген қанжары өзін мерт қылды.

Ежелден имандылықты пір тұтып, момын жатқан елге арақпен қоса жеткен тағы бір кесел – құмар ойынының құрбаны болған ағайындасының жоғын жоқтап, ұлттық намысы бойына маза бермей, әлгі елді алдаған әккі құмар ойыншыны сонау Қытай жерінен іздеп тауып, кегін алып, алдау-арбау мен зорлық-зомбылықтан да жоғары тұрған әділдік күшінің бар екенін дәлелдеуі, одан соң да түрлі қатерге толы оқиғалардың ортасында жүруі жас Мұқайдың шын мәніндегі батырлығын, жүректілігін және өр намыстылығын көрсетеді.

Осындай ел басынан өткерген аласапыран күндерді нанымды суреттей келе автор зерттеуінің ең негізгі жүгі, негізгі мақсаты Мұқай батырдың әйгілі атаман Дутовты өлтіруге тікелей қатысқаны жөніндегі шындыққа оқырман назарын аудартады. Мұнда да ол құрғақ баяндаумен емес, Мұқай батырдың көзінің тірі кезінде өз жақындарымен бір жиналған отырыста олар өтініп қоймаған соң сыр етіп айтқан әңгімесін, сонымен қоса осы оқиғаға байланысты әрісі Ташкенттен, бергісі сол кездегі Жаркент уездік милициясының жазбасындағы бұл-тартпас архив материалдарын сөзбе-сөз келтіреді.

Бүгінгі күнге дейін әлі ақиқат нүктесі қойылмаған атаман Дутовтың өлімі жәйлі, оны нақты кімнің өлтіргені жәйлі даулы тұжырымдар біржола тоқтады деп айта алмай келгеніміз шындық. Ал аталған кітапта осы оқиғаға байланысты көнекөздер аузынан жазылып алынған естеліктер мен нақты архивтік деректер – сол кездегі Жаркент уездік ЧК-сы бастығының аса құпия әрі маңызды тапсырмасына тікелей қатысқан Мұқай Байсымақовтың ерлігі де тарих төрінен орын алуы керек. Мұны біз автордың бұл тұжырымға бармас бұрын көп ізденіп, тер төге еңбектене отырып архивтік жазбалардың әр сөзіне, әр тыныс белгісіне дейін зер сала үңіліп, өз тұжырымын мың ойланып, жүз толғанып барып қана жасағанынан аңғарамыз. Бәзбіреулер бұл айтыла-айтыла жауыр болған мәселе ғой деп те қарауы мүмкін және бұл жөнінде әйгілі кинофильм де бар екенін жалпақ жұрт жақсы біледі.

Дегенмен де кезінде әлдекімдердің тек өз мақсат-мүддесін көздеп, шындықты бүркемелеп, жалған сый-құрметке ие болу жолында жасаған зымиян әрекеттері уақыт өте келе бет-пердесі сыдырылып, ақиқат жарқырай көрініп айқайлап шыға келетініне тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардан бері талай куә болдық. Бұған дәлел ретінде қандықолдар қатыгездікпен атып өлтіріп, ізін жасырмақ болып денесі құдыққа тасталған Шәкәрім Құдайбердіұлы, қызыл империя жендеттері есімін мүлде өшіруді мақсат етіп түрмеден-түрмеге қамалып, жұмбақ өліммен кеткен Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейханов басында тұрған күллі Алаштың арыстары бәрі де уақыттың әділ қазылығы салтанат құрғанда асыл бейнелері қайта жарқырап шыға келді. Осы алып арыстарымыз ұшыраған қуғын-сүргінді бастарынан кешкен қаншама есіл ерлер хабар-ошарсыз кетіп, жұмбақ өліммен өлді? Іздеусіз, сұраусыз, із-түзсіз кеткендері қаншама?...

Бірақ бойында ұлттық намыс-жігері бар бүгінгі ұрпақ та зердесіз емес. Түбіміз кім, тегіміз кім, ежелгі шежіремізді былай қойғанда күні кешегі тарихымыз неге бұрмаланды деп өжеттік пен өр рухты ту еткен ұлтжанды азаматтарымыз бүгінде жиі бой көрсетуде. Солардың бірі біз сөз етіп отырған осы қолжазбаның авторы Қали Тұрдығазыұлы десек ешкімнің де дауы бола қоймас. Өйткені бір кездегі солақай саясаттың озбырлығына ұшырап, нақақ күйіп, әділетсіз жазаланған Мұқай Байсымақовтың бүгінгі ұрпағына аталарының есімін ұлықтауына ұйытқы болып, бұл істе тың деректер тауып, қажырлылық көрсетуі соның айғағындай. Шындығында Мұқай батыр да өз халқының тағдырын ойлап, жарғақ құлағы жастыққа тимей өткен асыл ерлердің қатарынан болғанын осы шығармадан айқын аңғарамыз.

Сондықтан да бұл көркем шығарма қай оқырманын болмасын бей-жай қалдырмаса керек. Сөзімнің басында автордың қалың оқырманға ұсынып отырған бұл шығармасының да аса құнды екенін ерекшелеп айтқаным да осыдан. Қаламың мұқалмай, жігерің жасымай ел тарихын түгендеуге әлі де мол-мол үлесіңді қоса бер, Қали бауырым!

Шаяхмет ОРАЗЫМБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын.

Игі тілек

ЕЛ ІШІНДЕ ЕҢБЕГІҢМЕН ЕЛЕНДІҢ

ҚР Білім беру ісінің озық қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Солтанаев Молот Мұсаұлы 70 жаста!

Біздің Мәкең, сөз тұлпарын жаратып,
Сөйлеп кетсе, жұртты аузына қаратып.
Әсерімен байқамай да қалушы ек,
Ағараңдап қалғандығын таң атып.

Сөз сөйлемес тарихты айтып толғамай,,
Кешегіні бүгінге әкеп жалғамай.
Жас кезінде, Кеген жақта жүргенде,
Жігіт екен қол-аяғы балғадай!

Ақынсың сен, дауылды жыр боратқан,
Шешендікпен жұртты аузына қаратқан.
Домбыраңды қолыңа алсаң, кетеді,
Күмбір-күмбір жыр төгіліп шанақтан.

Білімің мен терің бекер кетпепті,
Саналы өмір тектен-текке өтпепті.
Абыроймен 18 жыл басқардың,
Елтінді ер атындағы мектепті!

Сый-құрмет пен марапатқа бөлендің,
Ел ішінде еңбегіңмен елендің.
«Инеменен құдық қазып» жүрсең де,
Тұлпарынан түскен жоқсың өнердің!

Қиындықтан жүрек шаршап, талса да,
Игі тілек тілеп келдің баршаға!
Сен баулыған, білім менен өнерде,
Өрнегі бар түлектерің қаншама!

Баяғыдай тілің мен өр келбетің,
Жаяу шарлап кететіндей жер бетін.
Мұсаұлы, саған достық тілегім –
Көре берші жүз жастың да зейнетін!

ӨМІР – ДОДА, БӘЙГЕ АЛ, ОЗА ШАУЫП

(Белгілі ақын Ергазы Манапұлының 45 жасқа толған мерейтойында)

Ергазы інім, қырық бес жасқа келдің,
Нағыз шабар кезі бұл ақтаңкердің!
Мақтанышы бола бер, айналайын,
Әр ісіне қуанып жатқан елдің!

Қазақтың сен бір туар ақынысың,
Жыр сүйетін жандардың жақынысың.
Саған Алла өлшеусіз талант берді,
Жасасын деп игілік, халқың үшін.

Тірлікте бұл, жеткейсің тілегіне,
Жақсылықпен жұп жазбай жүр өріле!
Ағалық ақ тілегім өзіңе айтар -
Кір жұқтырып алма тек, жүрегіңе.

Көрін солай жүз жастың асқарынан,
Көңіл нұры жаусын көп, аспаныңнан!
Өмір – дода, бәйге ал оза шауып,
Тізгін қаға бір жүрген достарыңнан!

Ағаң көп қой, солардың біреуі едім,
Тек жақсылық өзіңе тілегенім!
Жағаң болып, тілеулес ағаң болып,
Міне осылай, келеді жүре бергім.

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын.

«Тарихымыздың алтын дәуірі – Алтын Орда»

Алтын Орда – Жошы ұлысының орнына құрылған алғашқы ірі мемлекеттердің бірі. Жошы ханның баласы Бату ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұланғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекет болды. Орталығы алғашында Еділ бойындағы Сарай Батуда болса, Сарай Берекеге көшірілген. Алғашқы кезде Алтын Орда мемлекеті деген ұғым болмаған. Орыс деректерінде бұл атау тек XVI ғасырдың аяғында пайда болған.

Бату ханның Еділ өзенінің жағасында өзінің болашақ астанасының орнын белгілеу үшін алтын түсті үйлерден тіккізген салтанатты қаласының атынан шыққан «Алтын Орда» деген сөз тіркесі алтын түсті орданы, немесе патша сарайын білдіреді. Шыңғысханның ұрпақтары да өздерін «алтын әулет» деп атаған, «Алтын Орда» атауы осыдан келіп шыққан болуы да мүмкін.

Биыл Алтын Орда мемлекетінің құрылғанына 750 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы датаны мерекелеу аясында Ұлытауды Халықаралық деңгейде этнографиялық туризм орталығы ретінде насихаттап, Жошының есімін ұлықтауды қолға алу қажеттігін айтқан еді.

Алтын Орда тақырыбын ашу барысында Алтыүй ауылдық кітапханасында «Тарихтағы ғасыры бар - Алтын Орда» атты кітап көрмесі және «Тарихымыздың алтын дәуірі - Алтын Орда» атты тақырыпта Әбілхан Қастеев атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Омарбеков Рауан Таңжарықұлымен онлайн кездесу өткізілді.

Кездесу барысында Рауан Таңжарықұлы өскелең ұрпаққа Алтын Ордадан бастау алған қазақ хандығының тарихын дәріптеп, Алтын Орданың құрылуы, гүлденуі мен ыдырауы жайлы жан-жақты мағлұмат беріп, Бату хан Алтын Орданы құрушы тұлға екенін, Алтын Орданың 1227-1255 жылдары билеушісі болғанын айтып өтті.

Алтын Орданың тарихы біздің еліміз үшін 1269 жылғы Талас құрылтайынан басталады. Талас өзені бойындағы Шағатай, Үгедей, Жошы әулетінің ханзада – нояндары жиналып, ұлы құрылтай өткізген. Тарихта оны «Талас құрылтайы» деп атайды. Үгедейдің немересі Қайду ханның шақыруымен өткен үлкен жиынға Жошы ұрпақтары Берке мен Мөңке – темір, сондай-ақ Шағатай ұлысынан Барақ қатысты. Құрылтайда Шыңғыс қағанның дәстүрлерін сақтай отырып, көшпелілер мүддесін қорғаған маңызды шешімдер қабылданғанын, және де біздің тарихымыздың тереңде жатқандығын айтып өтті. Ал ең бастысы, әрбір ұлыс жеке мемлекет болып жарияланды.

Талас құрылтайы шешімімен үш ұлыстың шекарасы айқындалды. Мауереннаһрдың үштен екісін Барақ алды, үштен бірі Қайду мен Мөңке-темірге тиесілі болды. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 млн шаршы шақырымға жеткен. Тарихта Жошы ұрпақтары өмір сүрген дәуір «Алтын Орда» деп аталды.

Мақпал БИІКБЕКОВА,
Алтыүй ауылы.

ЖЕТІСУ – КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ТАРИХИ МЕКЕНІ



(Басы 1-бетте)

Кеген ауданындағы Шет Меркі мен Орта Меркі өзендерінің аралығында жатқан қарағай жапқан Талды аталатын үлкен сайдың ішіндегі жіңішке өзеншенің бойында толып жатқан ұстасан салмақты, жұмыр, үшкір келген осындай қорытпалар малдың тұяғын соғады. Темір қорытып алған соң төгіп тастаған темірдің қорып қалған қалдықтары (шлактар) мыңдаған жылдар өтсе де бабаларымыздың істеген істерінің куәсі ретінде, мені көрдің бе дегендей әлі күнге дейін мөрдей болып шашылып жатыр. Үйсін шеберлері сол дәуірдің негізгі құрылыс материалы болып табылатын сазды илеп отқа күйдіріп, одан берік қыш ыдыстарды жасаудың жоғары технологиясын игергендігі осы өңірден табылған әртүрлі пішімдегі қыш ыдыстардан анық көрінеді. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан үйсіндердің негізгі асы сүт, айран, қымыз және ет тағамдары болып келгендіктен де табылған жәдігерлер арасында, кәдуілгі қыштан жасалған күнделікті тұрмыста пайдаланылатын қарапайым сүт тағамдарын пісіретін, тамақтануға арналған көзелер, табақтар су тасуға, сұйықтық құйып сақтап қоюға арналған құмыралар көптеп кездеседі. Басқұншы ауылының орнынан табылған көзенің бірінің түбіндегі сақталып қалған күйесінің өзі қолға жұғып, оттан жаңа ғана түсірілгендей әсер берді. Саздан жасалған күнделікті пайдаланылатын тұрмыстық заттардың көптеп кездесетіндігі үйсіннің Күнбиінің Шығу қаласын бүкіл мемлекеттің басқару орталығы етіп алғандығымен байланысты деуімізге болады. Басқұншы ауылы мен Үсек (Есім ханның арғы атасы Жәдіктің бауыры Үсек сұлтанның атынан шыққан болуы керек. Бастапқыдағы орыс жазбаларында кеткен қателік болуы мүмкін) өзенінің бас жағындағы аңғарға орналасқан Еңбекші, Сарыбел елдімекендері сол кездегі үй тұрмысына керекті қыш ыдыстарды жасауға қажетті шикізатты, саз балшықты өндіретін әрі қыш ыдыстарды жасайтын шеберханалар орналасқан орталықтар деп нық сеніммен айта аламыз. Осыған қосарым Сарыбел ауылының тұрғыны үй іргесінде шаруашылық жұмыстарын жүргізіп жүріп киізге оралып көмілген, сыртқы орамдары шіріп кеткен көне заттарға кездескен. Оның ішінен ежелгі үйсіндердің күнделікті тұрмысында пайдаланатын тас диірмені шыққан. Бұл маңайдан да қазған ұралардан, шұңқырлардан табылған саздан жасалған қыш құмыралардың сынықтары, тұрмыстық ыдыстардың бөлшектенген бөліктері, біздің сөзімізді дәлелдей түседі. Осы орайда айта кетерім мынау. Қашаннан-ақ туған жердің көне тарихымен құпиясын білуге ұмтылыс, бір құбылыстан соң екіншісін тудырады. Мұндай мысал үшін Жаркент жерінің құпиясының бірі ретінде, ғарыштан көз салғанда әлі ғылымға белгісіз тылсымды Қоңырөлең, Бөрібай би, Ынталы ауылдары маңындағы Аламан тауының бөктеріне қарай созылып жатқан Қарамола, Теректі аймағындағы орасан зор шеңберлер тізбегін айта аламын. Үлкен аумақты алып жатқан шеңберлердің не нәрсені көрсететінін, нені меңзейтінін және кімдер жасағандығы белгісіз. Мен бұл ерекше орналастырылған шеңберлерді ежелгі сақ, үйсін обаларын іздеу кезінде байқадым. Бұл да кейінгі кездердегі мен байқаған жұмбақ дүниелердің бірі.

Іле алқабының ең көркем де, көрікті, шаруашылықтың қайсы түрін жүргізуге болса да қолайлы, сулы шұратқа орналасқан **Жаркент қаласының** өткен тарихы туралы да толыққанды мәліметті таба алмаймыз. Қала турасында біршама мақалалар жазылса да олар **1856-шы жылы** шілденің аяғы мен тамыз айының басында осы арамен жүріп өткен атақты саяхатшы **Ш.Уәлихановтың** қытайға бара жатқан жолшыбайғы жазғандарына сілтеме жасап, түсінік беруден аса алмайды. Үйсіндер заманындағы қытайдың саяхатшылары мен тарихшылары қалдырған деректерден басқа таяу шығыстан, парсы елдерінің мұрағаттарынан үйсіндерге қатысты тарихи құжаттарды тереңдете іздеуге, табыла қалса үңіле зерттеуге әлі де толыққанды көңіл бөліне қойған жоқ. Енді жаңа көшпен келіп, санасының сауаты тарих қойнауын ақтара алатындай қазіргі заманның тарихты сүйетін оқымысты жастары болмаса, біздің қалам ұстаған тұстастарымыз бен ізімізді басып келе жатқандардан ешкім Жаркенттің ежелгі тарихын түпкілікті зерттеп жазуға мойын бұра қоймады. Қытайлардың әр басқарушы әулетінің тұсында арнайы сарай жылнамашылары белгіленіп, олар мемлекет ішіндегі және ішкі-сыртқы қарым-қатынас мәселелерінде болған оқиғаларды жазып қалдырып отыратын. Сондай жылнамашының бірі қытай тарихы мен үйсін т.б. елдер туралы біздер үшін көлемді де аса құнды мәлімет қалдырған **Бан-гу.** Оның **«Батыс өңір және Усунь мемлекеті»** деген еңбегінің **«Усунь мемлекеті»** бөлімінде үйсіндер туралы кеңінен баяндай келе олардың күш-қуаты мол әрі бай тұратын ел екендігін айтады. Әрі билік басындағы Күнбидің елді орталық, оң қанат, сол қанатқа бөліп басқаратынын жазады. Осы орайда мынандай бір қызықты жорамал ой жылт ете түседі. Үйсіннің атақты билеушісі Елжау күнбидің немересі Уынғұйдың екінші баласы Жаркент (Н.Я.Бичуринде: Яркянь деп берілген) елінің ханы болған деген дерек келтіреді (Салғарауұлы Қойшығара. Қазақтың қилы тарихы. Алматы. 1992 ж. 179-бет.). Бұны жазып отырғандағы мақсатымыз Жаркент қаласы деп айтылып тұрған **Қашқариядағы Яркент.** Қанатын кемеліне келген кезінде Қашқар жеріне дейін жайған Ұлы үйсіндердің билігінің шеті сол жерге дейін созылып жатқан болып шығады. Жоқ әлде үйсін мемлекетінің құрамында жеке хандық болған **біздің Жаркент қаласы ма?** Қалай болғанда да орталық мекендері Іле алқабындағы Жаркент аймағы болғандықтан үйсін Күнбиінің ұрпақтарының дәуірлеп тұрған кездерінде өз территориясынан тысқары жерлерде де билік жүргізген сол замандардағы күшті тайпа бірлестігінің бірі екендігі көрінеді. Аумалы – төкпелі замандарда жазу-сызуы бар елдердің өзінде де өткен оқиғалардың мерзімі көрсетілмей, қандай жерде, қай елде не болғандығы айтылса да жазылмай, хатқа түспей қалатын кездері баршылық. **Жаркент қаласының жеке хандық болғандығы** жайлы мәлімет шындыққа жанасымды ма, жоқпа деген көңілдегі күдікті ойды сейілту үшін жазып отырғанымыз. Атақты неміс кәсіпкері әрі дала археологиясының негізін салушы Г.Шлиман сияқты қазына іздеп Троя қаласын қазып оның жеті-сегіз қатпардан тұратынын тапқан секілді жанкешті біреу болмаса әзірше **Жаркент қаласының орнына археологиялық қазба жұмыстарын** жүргізетін адам табылар емес.

XVIII ғасырдағы қазақ халқының басынан өткерген тарихын хатқа түсірген жылнамашы Қазыбек бек Тауасарұлының жазбасында көне Жаркент шаһары сол кезде қала болды делінсе, одан бері өмір сүріп тұрғанына 375 жыл болғаны. Елді мекендердің, қалалардың аз күнде пайда бола қалуы мүмкін еместігін есті жұрттың барлығы біледі. Ал археологиялық заттай деректерге сүйенсек, онда 2 мың жылға шегінуге тура келеді. Салыстырар болсақ, үйсіндердің орталығы болған Шығу мен Жаркент қаласының шамалас уақыттарда өмір сүргендігін ұғынуға болады. Жоғарыдағы айтқанымыздың айғағы ретінде мына мәселені айтуымыз орынды сияқты. **Жаркент қаласының б.з.д. 3-2 ғасырларда** болғандығының дәлелі ретінде Жаркент тұрғынының үй салу кезінде қазған шұңқырынан, үш метр тереңдіктен **қасына қыш құмыралар қойылып жерленген адам сүйектерінің** шығуының өзі-ақ, бұл ежелгі тұрғындардың мекені әрі сол табылған археологиялық жәдігерлердің үйсіндерге тән екендігін көрсетеді. Үйсіндер заманынан бері үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан сазбен жұмыс істеу өнерінің бірі – нан пісіретін тандырдың жасалынатын топырағының әлі күнге дейін осы арадан қазып алынып тұрмыста пайдаланып жатқандығын айтсақ та жеткілікті. Басқа жерлердегі топырақтың мұндай беріктігі жоқ. Үйсіндердің шеберлері көшпелі тұрмысқа қолайлы қажетті заттарды: табақ, шөміш, үстелді ағаштан жасаса, саздан қыш құмыраларды, ал темірді балқытып қару-жарақ, пышақ, қанжар, семсер, жебенің ұштарын соғып, оларды қолданыста ұстаған.

Үйсіндердің ақсүйектері мен жауынгерлердің қолбасылары жерленген қорғандарына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кездерінде табылған әшекей бұйымдар мен қару-жарақтарға салынған кескін бейнелер сол заманғы үйсін зергерлерінің алтын, мыс сияқты металдарды өңдеудің жоғарғы технологиясын меңгергендігін көрсетеді. Үйсін шеберінің сол замандағы бағалы металдан жасаған сәндік бұйымдары зергерлік өнердің шыңы саналатын 1939 жылы Алматы маңындағы Қарғалы тау шатқалынан кездейсоқ жағдайда табылған б.з.д. 2 ғасырдағы Қарғалы диадемасы (ұзындығы-35 см, ені-4,7 см. екі бедерлі алтын тіліктен жасалған) сөзіміздің нақты айғағы болып табылады. Қарғалыдан (көмбеден диадемадан басқа 300-ден аса әртүрлі алтыннан жасалған бұйымдар табылған) алынған алтын диадема (әйелдің басына кигізілетін тәж тәрізді әшекейлі бас киімі) ең алғашқы зерттеуші А.Н.Бернштам жазғандай қытай мен иран қолөнерін жақсы білетін, олардан мол хабары бар үйсін шеберінің қолынан шыққан аса күрделі баға жетпес туынды. Бұл жер қойнауынан табылған заттар Үйсін елінің дамыған мәдениетін айғақтайтын баға жетпес тарихи жәдігерлер. Біртіндес халық болып құралып, тастүйіндей бірігіп, ұзақ жылдар бойы айналасындағы анталаған ғұндармен, қаңлылармен, сәнби, жужан тайпаларымен қырық пышақ болып қырқысып, олардың тегеурініне төтеп беріп, кейбір кездерде есе жібермес үшін шабуылға шығып, төніп келе жатқан қауіпті сейілте отырып, мекендеріне орнығып, өзіндік мәдениетін жасап, кейінгі өркениетке мұраға қалдырды. Үйсін мемлекетінің құрамында оңтүстік батысқа қарай ауып кеткен сақтардың, ұлы иозылардың (ұлы жүз атауының осы сөзбен байланысы болуы мүмкін), шығыстағы далалы аймақтан шығып жолындағы тайпаларды ығыстырып, кейбірін өздеріне ілестіріп, өздеріде тұрақтап қала алмай, қазақ даласын көктей кесіп, дүркірей өтіп, қияндап Еуропа жазығына кеткен ғұндардың біразы өз тайпаластарына ермей қалып қойып үйсінденіп кетті. Жоғарыдағы санамалаған тайпалардың бәрі түркі тектес елдің тұқымы болғандықтан үйсін еліне тастай батып судай сіңіп, өздеріне ортақ дәстүрді, салтты ұстанып, бәріне түсінікті үйсін тілінде сөйлеген. Жетісу аймағындағы тұрғындармен араласа келе олардың түстеріне аздаған антропологиялық өзгерістер енді.

Үйсіндер көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан күнделікті өмірінде кеңінен пайдаланылатын «жесе тамағы, мінсе көлігі, жауға шапса серігі» болатын жылқының көп болғандығы туралы ежелгі Хань дәуірінің жазбалары көбірек мәлімет қалдырған. Сондай жазылған деректердің бірінде «...Үйсіндерде жылқы көп. Бай адамдардың 4000-5000 дейін жылқысы болады. Қаһарлы, ержүрек, бас бостандығын сүйетін өте күшті жауынгер халық болып есептелінеді. Алғашқыда ғұндарға бағынышты болғанмен, бірте-бірте басқаларды бағындырып, ғұндарға бағынудан бас тартты» дейді қытай тарихшысы Сы-ма-цян өзінің «Орта Азияны мекендеген ежелгі халықтар туралы деректер жинағы» кітабында (Н.Я.Бичурин. Орта Азия және Шығыс Түркістан. Алматы 2001 ж. 101 бет). Сондықтан да ғой, сол заманда үйсін күнбиінің Хань патшасының ханшасына қалың малына деп мың жылқы айдатқандығы. Үйсіндердің қазақ халқының түп атасы екендігін өлең жолдары арқылы еліне сәлем хат жолдаған Шижұң ханшаны да үйсін ордасын тұрмыс-тіршілігін зерттеуші деуге болады.

Мені ұзатты әлемнің бір жағына,
Алыстағы жат елге – үйсін ханына.
Дөңгелек үй, туырлық там орнына
Ет жеп, айран ішеді ас-суына. (Н.Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы 1994 ж 73-ші бет). Үйсін Күнмуының б.з.д. 5-ші ғасырда Хань патшалығының ханшасын айттыруы үйсін мемелекетінің кемеліне келіп, билігі кенересінен асып, қытайлармен терезесі тең келіп тұрғандығын байқатады. Әйтсе де бізге керегі мына өлең жолдарындағы айтылған үйсіндердің баспанасы туырлықты киіз үйі, олардың күнделікті тамақтанатын ас-суының қазіргі қазақтардың өмір тіршілігімен салыстырсақ арада мың жыл өтседе өзгере қойған көп ештеңе жоқ.

Көшпелі халықтардың көшіп-қонуындағы негізгі күш-көлік әрі атты жауынгерлердің ұрыс кезіндегі қозғалысының басты құралы болғандықтан үйсіндер жылқыны көп ұстаған. Ежелгі заманғы македондықтар, грек-рим елінің легиондары, гладиаторлар ұрыстағы ерліктерін екі аяғымен жер басып тұрып көрсетсе, үйсіннің жауынгерлері ат үстінде жүріп-ақ тақымымен астындағы атын ұршықша үйіре бағындырып, ұрыс ыңғайына қарай бұрып, қалқан ұстап қылыш сермеп, жебені зырылдата тартып, жауының мойнына шалма тастап сүйретіп, бес қаруды түгел меңгере жүріп оларды тиімді пайдаланып іске асырып шайқасқан. Үйсін елінің батырлары кейінгі ел қорғаған, жер қорғаған жүрек жұтқан батырларымыздың ерлігінің үлгісі бола білді. Соның ішінде Жетісу жерін мекендеген үйсіндер өркениеттің бастауында тұрған ел болды. Патшалықтың ішіндегі мәселелерді реттеп, бақылап, басқарып отыру үшін белгілі бір хат-хабар жүргізу іс-әрекеттері болмаса ол көп деректерде жазылып, көрсетіліп жүргендей биікке көтерілмес еді. Қытай жазбалары растайтын мәліметтің бірі үйсіндердегі адам санының санағы жүргізіліп, олардың ұрыс даласына шығарылатын жауынгерлерінің қанша екендігі, сол сияқты олардағы жылқылардың санының көрсетілуі елде жан санағы, мал санағы сияқты жұмыстар жүргізілгендігін көрсетеді. Әйтпесе келіп-кетіп жүрген Қытайдың тарихшысы, саяхатшысы ұланғайыр үйсін мемлекетінің о шетімен бұл шетіне жүгіріп жүріп, санақ жүргізе қоймаған шығар. Жылнамашылар да дайын деректерден көшіріп алып жазған болуы керек. Үнемі қозғалыста болып тұратын жартылай көшпелі елдің территориясында жан санағын, мал санағын жүргізу жазу-сызусыз жүзеге аспайтын шара екендігі белгілі. Үйсіндердің жазуы болғандығын көптеген жазбалар растайды. Мысалға жүгінетін болсақ б.д.д. 5 ғасырда Ертіс өзенінің бойын мекендеген сақтардың шебері бұғының сүйегінен жасалған тұмарға ойып жазу жазып қалдырса, Есік қаласының жанындағы «Алтын адамның» жерлігінен шыққан күміс тостағанның сыртқы жиегіне үйсін тайпасының жазба шебері 26 таңбадан ойып түсіріп сөз қалдырып кеткен. Ертіс өзенінің бойынан табылған сақ шеберінің жазуымен, Есік қаласының ішіндегі алтын адам қорғанынан табылған күміс ыдыстағы үйсін шеберінің қолымен жазылып шыққан жазулардың нобайы біріне бірі өте ұқсас келеді, яғни, бұлардың барлығы б.з. 7-8 ғасырларындағы тасқа қашалып жазылған түркілердің таңба жазуларымен ұқсастығы көзге ұрып тұрады.

Сонымен жазғанымызды жүйелеп, тұжырымдайтын болсақ сақ дәуірінің ескерткіштері сына жазумен таңбаланса, үйсіндер түркі тілінде сөйлеп, сол сөйлеген сөздерін сыналап тасқа жазса, көне түркілер бұл таңбаларды әліпбилік дәрежеге дейін жеткізіп дамытқаны көрініп тұр. Бұдан келіп шығатын түйін – б.з.д. 7-4 ғасырларда Қазақ жерінің солтүстікте Алтай тауының бөктерінен, оңтүстігінде Сырдария өзенінің сол жағасына (б.з.д. 4-3 ғасырда Жетісуды мекендеген Үйсіндерді «шошақ бөрікті» сақтар-тиграхаудтар деп парсылар атап кеткен), батысында Арал теңізіне дейін жайлаған құдіретті сақ тайпасының сына жазуы болған болса (құрамында басқа да шағын тайпалар бар), б.д.д. 3-2 ғасырларда осы аймақта өмір сүрген үйсін мемлекетіне де ортақ болып сабақтаса дамыған. Үйсіндердің сақтардан алып пайдаланған, не болмаса сол тайпалық бірлестіктерге ортақ сына жазуы қолданыста болып, жетіле келе сақтар мен үйсіндердің және олардың ізбасары – көк түріктердің арасын жалғап тұрған тарихи алтын арқауға айналған. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Дүкен Мәсімханұлының 2019 жылғы 23 шілдеде «Жас Алаш» газетінің №53 санындағы шыққан өлеңінде үйсін жазуын тілге тиек етіп жазған толғауын мысалға келтіре кетейік. «Елжау Күнби өсиеті» деген өлеңінің алғы сөзінде, «Қытайдың Үйсін тауының орта тұсында «Ақшоқы» деп аталатын биік шың бар. Шыңның үсті атшаптырымдай жазық. Ол жазықта малта тастардан үйіліп жасалған обалар және балбал-сынтастар өте мол. Солардың бірі шыңның үстіндегі керегетасқа қашалып жазылған жыпырлаған көп жазу. Талай жылғы зерттеудің нәтижесінде жергілікті ғалымдар сол жазудың сырын ашты. Ол ежелгі үйсін тілінде сына жазуымен өлең түрінде қашалған Елжау Күнбидің өсиеті болып шықты» дейді. Үйсін мемлекетінің ең жоғарғы билеушісі Күнби (гуньмо) деп аталған, оған осы елдің қарулы күштері бағынып, ішкі-сыртқы мәселелердің бәрін шешу қолында болған. Елжау би (билеуші деген мағынада) шамамен б.д.д. 177 – 104 жылдарда билік жүргізген. Мұндағы басты жаңалық үйсіндерде сына тәріздес жазудың болуы. Дыбыстардың таңбаланып, сөз құралып, олардың сына жазумен тасқа түсірілуінде. 19 ғасырдың 20 жылдарында Абель Ремюза да 1809 жылы Ертіс өзенінің бойындағы үңгірден және Зыряновск маңынан Г.Спасский тапқан руналық тоғыз жазбаны зерттей келіп, «жазылуы жағынан олардың солтүстік руналарға ұқсастығы бар және бұл жазуды қытайларға «У-сунь» деген атпен белгілі және Христос туғанға дейін 100 жыл бұрын Ертіс жағасы мен Зайсан көлінің батыс жағында жатқан жерлерді мекендеген тайпалардың пайдаланғаны күмәнсіз» деп жазған болжамы мына біздің көлденең тартып отырған дәлелдеріміздің кейін ақиқатқа айналып тұрғаны сөзсіз.

Адамзат қоғамының бастауында тұрғандардың бірі болып жабайы жануар – жылқыға бас үйретіп, ауыздықтап, үзеңгілеп мінгендерімен қоса ең алғашқылардың бірі болып қара тасты қағаз етіп пайдаланғандар да түркілер. «Б.з.д. II ғасырдан б.з. VI-VII ғасырларына дейінгі мың жылдан астам уақыт үйсін тарихы» деп жазады Нығмет Мыңжан («Қазақтың қысқаша тарихы». Алматы. 1994 ж. 82 б.). Онда үйсін елінің жазу-сызуы болған болса, мұрагер ретінде олардан кейін VI ғасырдан бастап билік жүргізе бастаған түркілер үйсіндердің сына жазуын мұраға алуы әбден мүмкін деп айтуымызға болады. Сөз арасында айта кетер болсақ, ел аузында айтылып қалған көне аңыздың арғы түбінде де кейбір байланыстардың жатқанын аңғару қиын емес. Жаулар тұтқиылдан келіп жұртты тас-талқанын шығарып шауып кеткен соң жұртта қалған баланы бөрі асырап алып, ержеткізіпті, ол кейін жауын жойып, елін қайта түлетіпті деген аңыздың, түркілердің туларындағы бөрінің бейнесі олардың үйсіндермен жақын қандас екендігін білдіреді. Батыс Түрік қағанатының билеушілері өздері айтып, тасқа жазып, мәңгілікке естелік белгі етіп қойылған Орхон-Енисей құлпытастарындағы жазбаларда Үйсін сына жазуынан мұраға қалғандай әсер береді. Осы орайда мына жазылған жайға көңіл аударсақ мәселенің түп-төркінін бағдарлап, түйінді шешуге бір табан жақындаймыз. Тарихта Орхон-Енисей ескерткіштері деп аталатын бір заманда түркілердің негізгі тұрағы болған жердегі атақты қағандарына тұрғызылған құлпытастардағы жазулар сол кездерде өткен көп жағдайлардан хабар береді. Түркілердің Тоныкөк ақылгөйіне 8-ғасырда қашалып жазылып тұрғызылған құлпытастағы сөйлемдердің арасында мынандай көп жайдан хабар беретін жолдар ұшырасады. Онда түркілердің екінші қайтара күшейген кезіндегі

жүргізген соғыстары туралы айтыла келіп, «Үйсін бұнтату жұртын жайладық» (Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы. 1991 жыл. 30-бет.) деп келтірілген деректің өзінен тарихи жазбалардағы үйсіндер 8 ғасырдың өзінде мемлекет ретінде дербестігін сақтап, қытайлармен сауда-саттық жасап өмір сүріп тұрғанын оқимыз. Ішкі таққа таласудың, берекесіздіктің кесірінен әлсіреген үйсіндерді солтүстік шығыстағы қанатын кеңге жайып күшейген қандас бауырлары – түркілердің бағындырып алғандығы тайға таңба басқандай етіп айтылып тұр. Алтай тауының арғы-бергі бетін түгелдей өзіне қаратып, мойынсұндырып, бағындырған түркілер үйсін жұртын жаулап, оның иелігіндегі барлық жерді өздеріне қосып алды. Тілінде, мәдениеті мен тұрмыс-салтында көп өзгешеліктері болмағандықтан олар бір-бірімен араласып, тез сіңісіп кетті. Түркілер адам саны жағынан басымдыққа ие болды да үйсін-түркі тілі қолданысқа ие болды.

Кезінде Жетісу өңірін мекендеп отырған, бір замандардағы айбарлы сақтардың билеушілерін құлатып, ел басқаруды өз қолдарына қаратқан, өздерінің шығыстан жылжып келген күшті тайпаластарымен бірігіп жергілікті үйсіндер хандыққа таласу барысында ұлы иозылардың билігін тоқтатып, жылы қоныстарынан айырып, ығыстырып жіберді, біразы көшпей мекендеп отырған жерлерінде қалды. Сақтар мен ұлы иозылардың көшпей, қоныстарында қалғандары үйсіндерге сіңісіп, ірі-ірі үш тайпаның бірлестігінің басында тұрған үйсіндер түркі жұртының құрамын молайта түсті. Бұрынғы ата-жұртта Орхонда қалып, төңірегіндегі өзге тілді жаулармен жағаласып жүріп айбынды мемлекет құрған түрік қағандығы іргелі елдің бірі – үйсіндерді өздеріне бағындырып алған соң батысқа көз алартып отырған қытай патшалығына өзінің тегеурінді түрде қарсылық көрсете алатын хандық екендігін байқатты. Сонымен қатар жергілікті түркі тілдес әртараптан көшіп келген халықтар жергілікті жерге, бірте-бірте олардың өмір сүру тіршілігі мен күнделікті тұрмысына бейімделді. Үйсіндердің салтын қабылдап, әдет-ғұрпына көшкен рулардың, тайпалардың атаулары әртүрлі болғанымен, Жетісуды мекендеп отырған дәл солардың ұрпақтары кейінгі Жәнібек пен Керей хандар құрған Қазақ мемлекетінің ұйытқысына, қорытқысына айналды. Қазақ тарихшылары арасында көптен бері көтеріліп келе жатқан атақты Шыңғысхан туралы мәселенің түп төркіні осы ұлы даланы мекендеген б.з.д. жартылай көшпелі әрі отырықшы ел үйсіндерге келіп тіреледі. Әлемнің жартысын жаулап алса да айналып келіп Жетісуды жағалап жүргендігінен түбі түркі, оның ішінде сақтармен, ұлы иозы, үйсін болып біріккен үлкен тайпадан шыққан сияқты ой қылап береді. Қазақтың «Ат айналып қазығын табады» деген мақалы осы нақты оқиғаларды меңзей келіп шығарғандығы да осыған әкеліп саяды.

Халықтың қоныстануына өте қолайлы осы араны, яғни келісті Жетісуды қоныстанған тайпалардың ежелгі екендігін әрі Қазақ ұлыстарының ішіндегі ең үлкені деп саналатындығын аса ірі тарихшы М.Вяткин 1941 жылы жарық көрген еңбегінде «Она, естественно, получило название Старшей Орды (Ұлы жүз. Ескерту М.Вяткиндікі.) может быть, потому что это было место первоначальных кочевий казахских общин, а также потому, что племена, вошедшие в ее состав (уйсуны, канглы, дулаты, джалаир), были старейшими на территории Казахстана» деп атап көрсеткен. (Қазақ ұлт –азаттық қозғалысы. Астана 2007. 5-том. 101-бет.). Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясы мәселелерінің білгірі, атақты түркітанушы С.Аманжолов үйсіндердің шығуы туралы шежірелерді зерттей келе мынандай тұжырым жасайды. Ойымыздың дәлелі ретінде тіл білгірінің айтқанын орыс тілінде келтірелік. «...Племя уйсун было ведущим и организующим среди многих других родов и племен Большой орды, расположенной в юго-восточной части Қазахстана». (С.Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алматы 2001 г. стр. 38). Бұл – бұлтартпас шындық екені даусыз. Осылай қойнауы құт пен берекеге толы жер шұрайы Жетісу көшпелі түркі халқының шоғырланған киелі мекеніне айналды.

ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ҒҰНДАР

Қазақстан территориясында өзіндік ізін қалдырған тайпалық одақтар туралы айтқанда ежелгі түркілердің бір бұтағына жататын көшпелі ғұндардың құрған мемлекетіне тоқталмай кетуге болмайды. Ұлы даладағы алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінде, б.д.д. 5-4 ғасырларда әскери ұстанымды мақсат етіп қойып ғұндар Хуанхэ өзенінің орта тұсы мен қазіргі Қытай жерінің және Орта Азияның көп бөлігін бағындырып, алып империя құрды. Сол кездердің өзінде шаруашылыққа лайықты, өмір сүруге қолайлы болып келетін, шұрайлы Шығыс Түркістан аймағы мен Оңтүстік Маньчжурияға дейін созылып жатқан ұланғайыр алып жер ғұндардың иелігі саналды. Ежелгі қытайлықтардың жазба деректерінде ғұндардың айналасында үйсіндер, ұлы иозылар сияқты күшті ұлыстар жатты. Кейіннен ғұндар жаулаушылық соғыстарынан соң олар ішкі Монғолиядан бастап батысқа қарай Алтай, Тарбағатай, Жетісу жерлерлеріне таралып, осы аймақты қоныс ете бастады. Халықтың негізгі айналысқан шаруашылықтарының басты саласы төрт түлік мал өсіріп, оның өнімдерін тұтынумен өмір сүрді. Қарапайым бұқара халықты ру басында тұрған ақсүйектердің тұқымынан шыққандар өздерінің қарамағындағы әскерлеріне сүйеніп басқарды. Әскери демократиялық тәртіпке сүйеніп басқарылатын ғұндар б.д.д.5-4 ғасырларда көршілеріне қарағанда саны жағынан алғанда аса ірі, әрі жауынгер тайпа болды. Үздіксіз соғыстардың нәтижесінде соғыстан тапқан олжалардан, жеңілген елдерден түскен алым-салықтан тек ру басшылары ғана емес жауынгерлер де мол үлес алып байып отырды. Бұлардың бәрінің басында қытайша «шаньию», (шань» - аспан мағынасында) қазашалағанда «көктің ұлы», немесе «тәңіркұты» деген атау алған билік иесі әмірін жүргізіп отырды. Ол «ұлы мәртебелі» шанью атанған. Әміршінің қаталдығы мен бүкіл елді бір уысында ұстауының басты себебі деп мынаны айтуға болады. Тарихи түпдеректерден белгілі болғандай ғұн державасының шарықтауы Мөде (209-174 ж.ж.) тәңіркұтының басқарған кезінде болды. Осы уақыттарда ғұн мемлекетінің территориясы, құрылымы күрделі 24 бөлікке бөлініп басқарылды. Әр басшының қарамағына көшпелі тайпалық одақтың адамдары мекендейтін иеліктер басқаруға берілді. Ерекше қатал билеуші атанған тәңіркұты Мөденің өзіне ғана бағынып, әскери лауазымды иеленіп отырған туыстарының қарамағына әлгі үлестік жерлерді қатаң тәртіпте



ұстап, иелік жүргізу үшін он мыңнан жауынгер берді. Жиырма төрт аймаққа бөлінген әр басшының қарамағында он мыңнан жауынгер ұстаған болса Мөде тәңіркұты кезінде ғұндар бір мезетте 240 мың жауынгер шығара алатын орасан зор, күшті мемлекет екендігін байқаймыз. Әскерлер өз кезегінде мыңдыққа, жүздікке, ұсақ құрылымдарға жіктелді. Ғұндардың тұрмыс-тіршілігінің бәрі соғыспен, талан-тараж жасаумен байланысты болды. Жалпы Еуразия аймағындағы тайпалар арасында алғашқы қауымдық-рулық қатынастардың ыдырау кезінде, бейнелеп айтсақ әр халық күн астынан орын алуға тырысып жатты. Айналасындағы көшпелі тайпалармен жайылым, олжа алу үшін жүріп жатқан қырық пышақ қырқыс адам күшін қатты қажет ететін болған соң әр ғұнның баласы туылғаннан бастап жауынгерлік есепте болып, ержете бере жасаққа алынып қызмет етті. Ғұндардың Азиядан қоныс аударып, Шығыс Еуропаға барған уақыттардағы олардың ерлігінен хабардар әрі ержүрек жауынгер екендігін б.з. 4 ғасырындағы Рим тарихшысы А.Марцелин «Ғұндар айбынды жауынгерлер. Олар садақпен, сүйекті үшкірлеп қару жасап соғысады. Егер жақындап кетсе, қолдарыменде ұрады, қылышпен де соғысады... Ал, жастар жас кезінен бастап жалаң аяқ жүріп, тынымсыз жаттығулар жасап, нәтижесінде айбынды жауынгерге айналады» (Қазақстанның әскери тарихы. Алматы. 1999. 24 бет) деп жазған еді. Оңтүстігіндегі Қытаймен бірде тыныштықта, бірде соғыс жағдайында болып келген ғұндар батысындағы үйсіндермен де қырқысып қалып отырды. Отырықшы Қытай мемлекетімен үздіксіз жүргізген соғыстары ғұндарды да айтарлықтай титықтатып, 119-жылғы күйрей жеңілістен кейін әскери қуаты сарқылды. Мазасыз көрші тайпаны жуасыту мақсатында үйсіндер хань патшалығының шығыста отырған дунхулармен, солтүстіктегі Енисейдің бойындағы динлиндердің әскерлерімен бірлесе отырып б.з.д. 71-жылы ғұндардың оң қанаты ордасына шабуыл жасап ойсырата жеңіп, олардың он мыңдай адамын қолға түсіріп өзінің қарамағына қосып алады (Ғұндар – 17 ғасырдың басындағы төңірегіндегі тайпаларға шабуылдап, мазасын кетірген, кейін өздері құрып кеткен ойраттардың арғы аталары ма деген ой туады). Бұдан кейінгі соғыстарда да адамдарын тұтқындап әкетіп, жан санын азайтып, күш-қуатының әлсіреуіне ықпал етсе, ал қосылғандар үйсін еліне сіңіп кетіп отырды. Бір кездері Байкал көлінен Тибетке дейін, Шығыс Түркістаннан Сарыөзеннің орта ағысына дейінгі аймақты алақанында ұстап отырған ғұн державасының үстемдігі ішкі қайшылықтардың қырқысуға әкелуі салдарынан әлсіреп, басынан бағы тая бастады. Тақ таластық пен бақталастық далалық ірі көшпелілер империясының ыдырауына әкеліп соқты. Сыртқы күштердің, қытайлардың, үйсіндердің, қаңлылардың тегеурініне шыдамай, қыспақта қалған ғұндардың одағы б.з.д. 55-жылы оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлініп, бірі хань патшалығына бағынып, бодан болып кетті де, екіншісі – солтүстіктегілері батысқа қарай қотарыла көшті. Ғұндардың үстемдігіне қарсы бірігіп соғысқан ұлыстар да өздерінің аздаған уақыт өткен соң, көшпелі тайпаларды бірінен-бірін айдап салып отырған Қытай патшалығының жымысқы саясатының кесірінен өздерінің түбірлестерін қосыла талқандап, сол айдаһардың бодауына түскенін білмей қалды. «Өзгенің қолымен от көсеу» саясаты қытайлықтарды өздерінің мықты қарсыластарын бас көтерместей етіп талқандалуына қол жеткізді.

Өзіне бағынышты елдерді алып батысқа жылжыған ғұндар ес жиғаннан соң б.д.д. 47 жылы таққа таласып үшке бөлініп кеткен үйсін иелігіне баса-көктеп кіреді. Бастапқыда бағынғысы келмеген үйсіндерге қарсы **Чжичжи (Шөже) тәңіркұты** б.д.д. 44 жылы Жетісудың оңтүстігінен Сырдария өзенінің орта ағысына дейін иелігі бар Қаңлы елінің билеушілерімен бірігіп үйсіндерге шабуыл жасап, олардың орталығы болған **Шығу қаласын** (Қызыл аңғарды) басып алып, елін тонауға түсіріп, мал-мүлкін олжалайды. Шөже тәңіркұты үйсіндер мен оларға бағынған тайпаларға өз үстемдігін б.з.д. 44 жылдан б.з.д. 33 жылына дейін жүргізеді. Іле алқабынан басталып, батысқа қарай созылып жатқан Жетісудың оңтүстігіне дейінгі жерлерді өзіне қаратқан Шөже тәңіркұты Қызыланғарды өзіне орталық етіп алуының да үлкен себебі бар. Шығу қаласы Қытай мен Орталық Азия елдерін жалғастырып жатқан Іле өзенінің бойындағы сауда-саттыққа қолайлы керуен жолындағы әрі стратегиялық маңызы зор орталық еді. Басқыншы ел әрине әрқашанда өз дегенін істейтіні белгілі. Ғұн тәңіркұты Шөже үйсін елін жаулап алғаннан кейін оның орталығы **Қызыланғар** қаласы **Басқұншы** атауына ие болады. Ғұндардың ежелгі түркілермен туыстас тайпалар екендігі осы атаудан анық көрінеді. Басқұншы атауы да түркілердің «бас» деген сөзінен басталып тұр. «Бас» деген сөз көне Орхон-Енисей түркі жазуларында да таңбаланған. Күлтегіннің үлкен жазбасында «Бастыны еңкейтті», Тоныкөк (8 ғасыр) «Су басы Інел қаған» деген тіркесте «бас», «бастаушы», «басты адам» мағынасында айтылып тұр. Ал, түркіше «су» біздіңше әскер, жауынгер ұғымын беретіні де айқын. (Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы. 1991 жыл. 14, 15 беттер). Басғұншы атауындағы «құн», «ғұн», «күн» сөздерінің шығу төркініне ой жіберіп үнілсеңіз бәрі ғұн тайпасына сілтейді. Ал мұндағы, «шы», «шақ» сөзі ел, жұрт, қоныс деген сөзді меңзейді екен. (Қойшығара Салғарұлы. Көмбе. Алматы. 1989 жыл. 20-бет). Сонда түйіндей келетін болсақ **Басғұншы** атауы **«басты ғұндардың жұрты»**, «ел ордасы» болып шығады. Тарихта мұндай ел, жұрт, қалалар аттарының ауысуы басқару билігі ауысқан кездерде болып тұратынын оқып та, көріп те жүрміз. Әріге бармай-ақ орыс басқыншыларының Ақмешіті Қызылорда,Ақмоланы Целинноград, қайтадан Ақмола болып т.б. қалалардың өзгергеніне де шамалы уақыт өткен жоқ па?

Солтүстік шығыстан шабуылдай жылжып келіп біраз уақыт Жетісу территориясына табан тіреген ғұн тайпалары бір уақытта жергілікті тайпалармен араласқа түскен. Кейбір үйсіндер қалың отыратын жерлердегі ғұндар үйсіндермен араласып, қаңлы еліне барғандар қаңлылармен, аландарға барғандар солармен араласып біраз жылдардан кейін жерсініп кеткен. Батысқа жылжыған ғұндардың бір бөлігі Арал теңізінің оңтүстігі мен Каспий теңізінің солтүстік жағы арқылы Шығыс Еуропаға қоныс аударып бара жатқан ғұндар үздіксіз көше бермеген, олар жиі-жиі жайылымдық жерлерін ауыстырып, отар-отар қойын, үйір-үйір жылқысын жылжыта отырып, жолындағы елдерді бағындырып, өздеріне бас идіріп, Орталық Еуропаның оңтүстігіне дейін жетті. Бұл Батыс Еуропа елдерінің тарихшыларының жазуында «халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталып, ол б.з. 5-ші ғасырының ортасына дейін созылды. Қазақтың Жетісу өлкесінің топырағын басып өткен, Орал, Каспий, Еділ жерлерін көктей өтіп Қара теңіздің солтүстігі арқылы жылжи отырып б.з. 376 жылы ғұндар Рим империясының шекарасының түбінен бірақ шықты. Орталығы қазіргі Венгрия болған ұланғайыр жерді басып алған ғұндар державасы төңірегіндегі елдердің жүрегін сусылдатып, корольдердің зәре-құтын алды. Батыс Еуропа тарихшылары жазғандай Аттиланың атын естіп корольдер «тақтан талып құлап түсетіндей» күй кешті. Ғұндардың күшеюі гот тарихшысы Иорданның «Бұл адам өмірге келгенде халықты тік тұрғызу үшін, дірілдету үшін жаралған» деп сипаттама берген Аттиланың (Б.Қожабекұлы Албани «Атыл» деп береді) билігі кезінде ерекше көрінді. Далалық аймақты мекендеп, еркін өсіп, жастайынан ат үстінде отырып соғысу өнерін жете меңгерген, айла-тәсілді тек жауын жеңу үшін ғана қолданатын түркілерге сол заманның ең күшті әскерлері саналатын еуропаның темір құрсанған рыцарларының шамалары жетпеді. Аттила туралы әңгіме мүлдем бөлек мақалада сөз болады.

Ғұндардың негізгі тобынан бөлінген жорыққа ермей, ру басшыларының билеуінде жүрген елдер үйсіндер жерінде қалып 5-6 ғасырдарда Юэбан мемлекетін құрған. Кейбір жазылған деректерде олар көшке ілеспей қалған солтүстік тәңіркұтына қараған ғұндар еді. Саны 200 мыңдай адам делінеді. (Н.Мыңжан. Қазақтың көне тарихы. 1991 жыл. 104-бет). Ғұндардың жүріп өткен жолдарында олардың сол жерлерде болғандығының айғағы ретінде топономикалық атаулар сақталған. Мысалы, Қазақстанның Ресеймен шекаралас жерінде жатқан Басқұншақ көлі мен Басқұншақ елді мекені Жаркент аймағындағы Басқұншы атауымен түбірлес екендігі көзге ұрып тұрады. Арқас тауының бөктерінде жатқан қазақ халқының атақты суретшісі Ә.Қастеевтің туған ауылы Шежін мен Батыс Қазақстан облысының территориясында ағып жатқан Шежін (екі өзен бар), тағы бір айтарым (Шежін атауын Монғолиядан келген қандастарымыз қалмақша - төскей деп аударып беріп жүр. Осыдан-ақ біраз нәрсені қайта қарауға тура келеді) аттас өзендердің арасында да әзірге бізге беймәлім құпия жатқандығы бізді ойландыруға тиісті. Жетісуды мекендеп, өздерінің ежелгі ата қонысы санап отырған тайпалар ғұндардан жеңілсе де қашып-пыспай, басқыншыларға мойынсұнып қалғанымен, тәуелсіздігін біржолата жоғалта қоймаған. Бұл жерді мекендеп қалғандар кешегі бір кездері дәуірлеген жауынгер жұрт сақтардың, бүкіл қазақ халқы өзінің шаруашылығының барлық саласының бастауын алатын, ұлы иозылардың ұрпақтары еді. Олар ассимиляцияланған өткендер, яғни үйсінденгендер болатын. Көптеген ұрыстар, төңкерістер, алауыздық қырғын соғыстар солардың көз алдында өтіп оқиғалардың көпшілігі аңыз-әңгімешіл елдің есінде сақталып қалып отыратын. Мысалы ғұндардың билеушісінің тарихта «шаңиу» деп аталғаны белгілі. Бұл атау ғұн билеушісінің ең биік лауазымы екендігі түсінікті. Ауыспалы, билікке бірі келіп екіншісі кетіп жатқан аласапыранда тұрғылықты халықтың арасында бұрын билеушілер болып аталып, кейіннен ығысып кеткен билеушілердің атын мысқылдап айтатын кездер де болған. Қоныс аудару барысында ғұндардың билігі әлсіреп олардың орнын күшейген басқа тайпалар басты. Міне осындай кезде «шаңиу» бастапқыдағы әмірші, билеуші деген ұғымын жоғалтып, қолынан ештеңе келмесе де «шіреніп» тұрушы», «күпініп» жүруші деген кекесінді, мысқылды мәнге ие болды. «Шәниіп тұруын қарашы», «неменеге шәние қалдың» деген тіркестерден көп нәрсе ұғуға болады. Сен бұлай шіреніп тұрсаңда бұрынғыдай қолыңда билік жоқ деген мағынаны ымдап тұр.

Жоғарыда мен мысал ретінде айтқан ежелгі ғұндар мен ойраттар арасында тілдік байланысты анықтасақ көп құпияның жігі ашылады. Оңтүстік Қазақстан аймағын басып алып біраз уақыт билік құрған Қоқан хандығы кезіндегі «Қоқан келді, қоқаңдап» деген халық арасындағы уытты келемежді еске түсірсек те жеткілікті. Алпысыншы жылдары малшылар арасында жүргенімде кешкілік оларға жыр-дастандар оқып беріп, бір уақ аратұра кейбір ауыз әдебиетіне жетік адамдардан жаңылтпаш, әзіл-оспақтар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар еститінбіз. Сондай кездің бірінде «Дүбір, дүбір, дүбірді-ай, Жер астында жүгірді-ай. Шәниәның баласы, Мылтық ала жүгірді-ай» деген жасырылған жұмбақтың ішінен кездестіретін «Шәниіміз» осы ғұндардың әміршісінің атауы. Қаруды қолында билігі бар, лауазымды адам ғана кезенеді. Қазақ халқының негізін құраған тайпалардың бірі ретінде Жетісу жерінде ізі қалған ғұндар туралы айтпағым осы.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы» газетінің
Бас редакторы.

САЛПЫҚ БИ ТУРАЛЫ АЙТЫЛМАҒАН АНЫҚ

Қашанда адам баласы үшін туған жер, өскен елі қымбат. Сол өзінің кіндік қаны тамған жерінің азаматы болып, ел – жұртын саясына сағалатып, жақсы мен жаманды саралатып, көш бастары, жау жасқары болып өткен адамнан артта қалар үлгі – өнеге қаншалықты қымбат десеңші. Арғыны атамайақ, сонау Керей, Жәнібек бабамыздан бергі тарихтан ой толғасақ, сөз қозғасақ «қазақ» деген елден ерен шыққан, ақылы дария шалқыған, еселеген ерлігі артылған, бір сөзі мыңға татыған, жебе боп жауға тартылған, елін ертіп артынан, тыныштық іздеп шарқ ұрған, жері үшін, елі үшін жан беріп, күні жоқ жаудан тартынған, осындай ерді туғызған, айналдым сендей халқымнан, - деген сөздер жылы жүрек, ыстық көңілден неге шығып отыр? Әрине, біздің бүгінгі Тәуелсіздіктің алтын тұғырына қонуымызға себепкер – аттың жалында, түйенің қомында елін қорғап жүрсе де, аруды ана атандырып, алтын құрсағынан бала болып туылып, дана болып, ел намысын қуып өткен батыр бабааларымыз. Қара – қорым қазағы үшін қара терін, қызыл қанын төккендер. Ұйытып елін айрандай, жар астында жауым жоқ деп жайланбай, аталы сөзді әспеттеп, толғаулы ойға тоқтау ғып шегелей айтқан, шешілмеген шет кеткендерді шегеріп, шеп құрып алып шөккендер сол асылдар емес пе? Демек, ойласақ ойдан кетпес, толғансақ тіл жетпес қасиетті бабаларымыз барсаң келмеске жіберетін, алса бермеске тірелетін Орыс пен Ойраттан, Қытай мен Қалмақтан кешеге дейін ұлан – асыр жерімізді қорғап, намысын найзамен өлшеп жүріп, ел болуды аңсап көксеген. Ақыры дегеніне жетіп, теңдігі тегеурінді ел болды деп, ұлы даланы аманатқа қалдырып, рухы өрлей асқақтап, өздері қорғап қалған алтын бесік Жер Ана қойнында мәңгілікке тыныстап жатқан солар ғой.

Ендігі ұрпақ: «Өткенді білмей өмірдің көші түзелмес,

Өзіңді білмей өзгеден көру ізгі емес», - дегенді ойлана жүріп, өмір жалғасында үлгі боларлық ұлылардың бар екенін білдіре жүру парыз. Сол өткен XIX ғасырдың басында өмірге келіп, аяғында дүниеден өткен, еліне қорған, жеріне қара орман бола білген Салпық би үкірдай туралы өткен күннен ойға оралған толғаудан үлгі аларлық тобықтай түйінді әңгіме таратсақ...

Салпық би Ілешұлы Суан тайпасының Мырзагелді руынан тарайды. Бабасы Туматай қазақтың қас батыры Қабанбайдың қарындасына үйленіп, одан Меңдібай, Биғаш өмірге келеді. Меңдібайдан Ілеш туады. Шығыс Түркістанға қарасты Іле аймағындағы Жоңғар Алатауынан бастау алатын Орта Ақсудың таулы аңғарларында 1810 жылы Салпық өмір есігін ашқан. Орта Ақсу ат өте алмас арынды өзен. Өзен басындағы шатқалды қойнауларында жаңғақ, алма, өрік, қарақат, тағы сол сияқты жеміс – жидектер жыныс өсетіндіктен, күз айларында пісіп төгілген жеміске су бөгеліп жатады. Сол жабайы жемістер әлі де бар. Жері шаруашылыққа қолайлы, қысы жылы, жазы салқын жерде Ілештің тұрмысы жақсы болып, шаруасына Іле бойының таныншыларын жалдайтынын айтады. Салпық Қырымжан, Бірімжан, Нұржан атты төрт ағайындының ішінде пысығы болып өседі. Жасынан оқи жүріп, саудамен айналыса бастаған. Үй болып отау құрып, балалы – шағалы болғанда сауда айналымында жан-жаққа керуен жүргізуге толық күшіндегі құржа атына иелік етеді. Осындай алғыр, жан-жақты, білімді, бір сөзімен мыңды қарата білетін азаматты Қытай үкіметі Іле қазақтарына үкірдай (губернатор) етіп сайлап, үлкен ұлылықты қолына береді.

Шоқан Уалихановтың Құлжа сапары таңдамалы шығармасында 394 бетінің жоғарыдан қарай 17-ші жолында, губернатор (ұқыртай) билеуші деп жазған. Байлық пен мансап қолына қатар келген Салпық елін басқара жүріп, байлығын да дамыта түседі, төрт түлік малды аңғарлы Ақсудың басындағы Ақжазық, Үңгірқора, Құрөзек, Қызылауыз, Дәкеннің сайы, сонау Ақбайтал – Әгім биігіне дейін жайлатса, қыста Біротала, Қорғас өзенінің Ілеге құяр тұсындағы Салпық түбегіне айдап салатын. Сөйтіп бүкіл Шығыс Түркістан өлкесіндегі халықтың тіршілігі тыныштықтағы жайлы өмірін бір қалыпты өткізіп жатқан күндердің бірінде қарашешек індеті тарапты деген сұмдық хабар ел арасында дүңкілдеп кетеді. Құлжа, Күре, Сүйдін қалаларында адам шығыны күшейіп барады деген дақпырттан ел шошып, әлекке түсіп, не істерін білмеді. Бұл індетті біреулер ішкі Қытайдан келді десе, кейбірі өлігін далаға тастайтын қалмақтардан тарапты дегенді шығарып алған. Қауіпті дертті қайтаратын дәрмені жоқ қытайлар ауру тараған адамдарды қолымен өртепті дегенді естіген қазақтар қорыққанынан таудың қуыс-қуысына қашып, бір-біріне сөйлеуден қорқып, жабайылануға айнала бастады. Ішер тамағы, бақкан малының сүті мен етінен басқа тұз, оттық алуға қалаға баруға тажал тұрғандай, сортаңнан тұз қайнатып, ішер асқа соны пайдаланды, шақпақ тастан от тұтатып, тау арасында иттің күнін кеше берді. Өлгендерді жерлейтін қойшы, қоландар «қалмақтардікі бізден жеңіл екен, атпен сүйреп апарып сай-салаға тастай салатын» деп жүретін.

Салпық үкірдайдың ауылына кім келіп, кім кетпейді? Қарауындағы бағыныштылар қазағы, таранышысы, дүнгені, қалмағы болсын күніне үйіне келіп-кетіп жататындардан қисап болмайтын. Кеше ғана қалмақ күреден екі қалмақ танысы Құлжа базарына мал айдауға кеңшілік сұрап зәңгісімен келіп қайтқан. Сол күннің ертесінде бала-шағасы төсек тарта бастады. Елінің басына күн туып, індеттен есігі жабылып, түтіні шықпай қалған сұмдықтарды көз алдынан өткізіп жүрген үкірдай сол пәленің өз үйіне де келгенін сезіп, істерге амалы болмай, қайғылы күнмен қаралы өлім басына келерін біліп, ышқынған жаны ырықсыз өртке шыжғырынған құстай кейіпке түсіп кетті. Бет-жүзі, денесі талаулаған бала-шаға, әйелі бірінен кейін бірі індеттің құрбаны болып кете барды. Кішкентай қыз бала Бекбеннің ғана ажалдан аман қалғанына таң қалған әке екі жыл елден аулақ күтіп, мәпелегеннің арқасында адам қатарына әупірімдеп қосылған.

Аңырағанға қаңыраған қосылып,
Отбасы ойран, қайғының ойыны осылып.
Есеңгіреткен естен есе ала алмай,
Алжыған ақыл көбейді күндер тосылып.

Елден бірте-бірте індет кетіп есін жиған жұрт, өлмегенге, бір жұтым су бұйырсын шөлдегенде, - деп тірі қалғандарына риза көңілмен Аллаға бас ие жүріп, қайта тырбаң тірлік қамына мойын бұрған. Салпық үкірдайдың иығына өз отбасының қайғысы емес, бүкіл Іле бойындағы өзіне бағынышты халықтың зар-мұңы қоса артылып, қу кеселді өзі таратқандай болып басын көтере алмай өтіп жатты. Тіршілікте дұшпансыз адам бола ма, қатарынан озып, үкімет алдында елінің тұтқасын ұстайтын біліктінің білімділігіне қызғанышпен қарағандар баяғыда «бақал» атанып, қаңғып сауда жасап жүріп ақыры «бай» атанып еді. Енді Ақсудағы аңғарадай ақ үйде жалғыз қалып «қу бас» атанышты, - деген ғайбат сөздерін таратып үлгеріпті. Амал не кеуде толған қайғыны кері итеріп тастайтын адамдықтың ар-намысы мен ақылы екенін жасынан зерделеп өскен үкірдай:

Ер басына күн туса қара түнек,
Қайсар мінез көрінер намысы үдеп.
Қайнаса іші қайыспай қара нардай,
Қас жүйріктей тұрмай ма шабыс тілеп, - дегендей намысын

ақылымен алқаластырып, қайсарлығымен қара нар күшін жан таластырып, ел – жұртына елдіктің нақылымен айықтыра жүргізіп, әр отбасының көңілін жорғызып, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей жүрген кездері көп болыпты. Індет кетіп, ел тіршілігі қалыпқа түсіп, көңіл жайланған жылдардың бірінде қайырымсыз қайғыны сөндіретін, иесіз қалған үйінің түңлігінен түнінін өргізетін бір адам керек екендігіне енді көңілдегі түйткіл көз алдындағы әйелсіз үйдің, жайсыздық күйдің әсерін елестете бастаған. Ел басына, ер басына келген тағдырлы тауқыметтей қаралы көңілді сырып тастайтын уақыт келгенін сезгендей. Солай болды да.

Сол кезде Суан, Сатай руынан еміс – еміс аты аталып қалып жүретін жас бөрі Әтікенің Үния атты әпкесінің басы бос екенін ел құлағы елуден естіп қалған. Басқан жері солқылдап, атағынан ат үркетіндер аулақ жүретін үкірдайға кім қызын бермеймін десін?! Қалың малға қысырақтың үйірін айдап беріп, Үния қызды ақ ордасының босағасынан аттандырған. Үния анадан Бәтиман, Тәшіман, Жақыбай, Кенжебектер өмірге келген.

Салпық үкірдай қайтыс болған бұрынғы әйелінен қалған Бекбен қызды Албан еліне ұзатады. Бекбеннің күйеуі Коли Албан ішінде Шажа, одан Тінібек, одан Сұлтангелді, одан Байқара, одан Әлі, Әліден Коли, Колиден Нүсіпақын, Нүсіпақыннан Нордін. Осы Нордін нағашыларын іздеп Жаркентке хат жолдаған. 2008 жылы Құлжа қаласында кездесу болды.

1910 жылдар шамасында Бекбеннен туған жиендердің үлкені Жақып ақын. Салпықтың баласы Жақыбай бидің үйінде өз баласындай айлап – жылдап жүріп қайтады екен. Сол жылдардың қысының бір күндері Іленің мұзы қатқан кез болу керек. Жақыбай биге:

– Нағашы, үйге қайтқым келеді, ат берсеңіз, – дейді. Коли жездесімен жегжаттық қатынасы жақсы. Би балаларын шақырып:

– Мына жиенге мініп қайтуға қорадағы байлауда тұрған оншақты аттың біреуін мінгізіңдер, сапары алыс, жолда жейтін азық-түлігін де қоржын – кешегіне жетерліктей салыңдар, – дейді. Бір айналып, үй иесіне қайта келген жиен:

– Нағашы, мен мінетін атты бермей тұр, – дейді томсырайған түрімен.

– Ол қайсы ат еді?

– Жазда өзім үйреткен қара қасқа дөнен.

Қорадан атшыны шақыртқан би, қара қасқа дөненді көз алдында ерттетіп, өзі жолға шығарып салған. Қара қасқа Албан жерінде жиырма жасқа келгенше өрен жүйріктігімен бәйге бермей келген саңлақ болыпты. 1930 жылдары Салпық әулеті Шығыс Түркістанға қайта өтіп барып, Жақыбай бидің Нұрғалиы ақалақшы болған кезде, сол Коли жезденің бала – шағаларымен қатысып, араласып тұрған. (Бұл әңгімені бізді хаты арқылы іздеген Колидің немересі Нордінмен 2008 жылы Құлжада кездескенімде, әкем осындай әңгімелер айтып, сіздерді іздеп отырушы еді, дегенін тыңдағанмын). Колиден Бекбен 7 ұл, 4 қыз көрген. Үрім бұтағы Шапшал және Алтынбұлақ ауылында тұрады. Салпық би Үния анадан туған Бәтиман атты қызында Албанның Қайранбай болысына ұзатқан.

***

Мын сегіз жүз алпысыншы жылдың орта шенінде Шығыс Түркістан мұсылмандары Қытайға қарсы көтеріліске шығады. Қарасұлтан атымен белгілі (ұлты тәжік болу керек) көтерілісші бастаған барлық мұсылмандар атқа қонады. Шығыс Түркістанда мұсылман мемлекетін құрады. Осы жаңа мұсылман мемлекетін құруды қолдаған Салпық қазақтарды бастап, жерді қытайлардан тазартуға көмек береді. Өзінің ел басқару қабілеттілігінің арқасында Шығыс Түркістан мемлекетінің мың бегісі аталады. Бұл мемлекеттің құрылуына қарсы болған шығысындағы Қытай, батысындағы Орыс мемлекеті ортасынан құрылған мұсылман мемлекетінен қорқып, жою керек деп келіскен. Ресей патшасының тапсырмасымен 1870 жылдың бас кезінде генерал Колпаковский шығысқа аттаныс жасап, Шығыс Түркістан өлкесін басып алады. Жеңілген Қарасұлтан билігі жойылып, орыстардың бағыныштылығына өтіп, орыс шекарасы шығысқа қарай кеңейе түседі. Қас, Күнеске дейін жайлап отырған Суандар енді орысқа бағынышты болып қалады. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Алтай ауып кетіп, Жоңғарды жойғаннан кейін, өзінің ел болып қалыптасып, жетпіс жеті атасына мекен болған Іле алқабы мен Алатауына қайта келіп өмір сүріп жатқан Суан еліне дүрбелең туа бастаған еді. Өйткені Шығыс Түркістанды орыстар басып алып, он жылдай ел мен жерге иелік етіп, қара халық та соның айтқанына көніп, айдауына жүріп қалған. Сол орыс әмірлігі баянды болмай, 1881 жылы Шығыс Түркістанды Қытайға қайтарып беруі еді. Баяғыда Қарасұлтан келіп, бүкіл мұсылман соның құрған мемлекетіне бірігіп, қытайларды қынадай қырғанда, Суандар да қарап отыра алмаған. Атойлап атқан қонған. Енді сол жерге қайта Қытай билігін жүргізсе, өшіккен қазақтарға білгенін істетейтінін білетін Салпық, Суанның игі жақсыларының басын қосып, «ағайындар енді Қытайға қараған күніміз жақсы болмайтынын бәрің түсініп отырсыңдар. Құрып кетпей, ел болып қалудың амалын ізделік», - дегенді айтады. Осыдан оншақты жыл бұрын Қарасұлтанның бұйрығымен Қытайға көрсеткен қысымды көзі көрген өздері де сол соғысқа араласып, ортасында болғандар Салпықтың сөзіне алғаш абдыраған жұрт тығырыққа тірелгендей «Апаха (Салпықты елі апаха дейтін) енді не істейміз, елді бұл пәледен қалай құтқарамыз?» – деп өзіне қарай берді.

– Онда, былай істейік, – деген ел иесі. – Егер сіздер келіссеңіздер, біз соңғы он жылда осы жерді жаулап алған орысқа бағынышты болдық. Бұл жердегі ел сол жылдары орысқа қарсы еш жамандық жасамады. Олар да бізге жамандық істей қоймас. Сондықтан сол орыс мемлекетіне бағынышты болуды өтінсек.

– Оларға қалай өтініш жасаймыз? Бізді Қытайға беріп кетті емес пе?

– Ия, дұрыс айтасыздар. Сондықтан бұл жерден көшіп, орысқа бағынышты болатын жерге өтуіміз керек. Бізден басқа Қытайдан қысым көрген дүнген, таранышы ұлтынан да жер ауып жатқандар да шыға бастапты. Жақында олардың орыс шекарасынан көшіп өтетінін естідім.

Мына сөзді тыңдап үріккен, қойдай үйіріліп қалған ел жақсылары, кетейін десе жеті атасынан қалған жерін қимай, қалайын десе, көз алдында қара қытай қырып салатын елін қимай тығырыққа тірелді. Ақыры Суанның арыстары ақылын бір жерге түйістіріп үлгерді. Келелі кеңестің келісімінде елді аман алып қалу болды. Жерін қимағанмен, елін қорғай алмайтын жерден ертерек ауып кетуді түйіндеді. Басына не келіп, не кетпеген ел, ешкімге ешқашан жамандық істемесе де, Жоңғардың да, Шүршіттің де кешеге дейін осы жер үшін қорлығын көріп, көнтулаққа мініп, айтқанына көніп келді емес пе. Солардан аман қалу үшін, Алтай мен Аралға дейін тентіреген. Ал, бүгінде, ел сол кездің кебін кигелі отыр. Бір кезде көп ішінен біреу қамшысын жоғары көтеріп:

– Апаха, біз енді жер ауғанда қайда барып мекендейміз? Алтай асамыз ба?, – деді.

– Жоқ, – деді Салпық. – Өздеріңіз білесіздер, Орыс пен Қытайдың шекарасы мына Қалжат, Қорғастан созылып, одан әрі жалғасып жатыр. Сондықтан сол жердегі Жалайыр, Суан жерін билеп отырған орыстың аға сұлтаны Тезек төреге елді қоныстыратын жер сұрап, білікті ақсақалдарды жіберіп көрсек қалай болады?

– Ой, бәрекелді, Апаха! Мына сөзіңіз ойға толымды, көңілді қонымды пікір екен. Ақылдының алды ашық, артынан елі еретін, Қырағының көзі өткір, алысты болжап көретін, деген осындай-ақ болар. Құдай сәтін салса, ісіміз оңға басар.

Орнынан қозғалып, жан-жағын шолып өткен Салпық тамағын тағы бір кеңеп алып:

– Құрметті ақсақалдар, Алтынемелде отырған аға сұлтанға, есі шыққан Суанға пана болып, өмір сүруге қолайлы жер бер деп барғанда құры қол барғанымыз елдігімізіге сын болар. Оның үстіне ел билеп отырған адамға апарар тарту – таралғымыз оңайдан болмау керек, – деп отырғандарды тағы бір айнала

шолып шыққан. Отырғандар басшылардың мына сөзін естігеннен кейін бір-біріне сұраулы түрлерімен қарасып, аз уақыт үнсіздікте отырып қалды. Сол үнсіздікті тағы Салпық өзі бұзып сөйлеп кеткен.

– Аға сұлтанның көңілін аулап, салмақты сыйлық апарып, жан-жақты тілегімізді білдірсек. Ойымыздағыны орындату үшін бір атақты жүйрік ат, тайпалғанда үстінен су төгілмейтін екі жорға, мына Ақбайтал – Әгім шыңынан тәрбиеленген қыран бүркіт, қасқырды қадам аттатпай басатын Тибет тұқымдас ұшқыр тазы және бір күміс жамбы мен тай тұяқ, қой тұяқтарды тарту еткеніміз жөн. Осы айтқандарым дұрыс па, соны анықтап, әрі қарай елдің амандығы қайтсек бүтін болады, соған көшейік, – деді.

Жаңағы аға сұлтанға аталатын сыйлықтың құны қанша тұрады, оны кімдер апарып тарту етеді, соны ақылға салған Суанның атқамінерлері:

– Апахаңның айтып отырғаны көп дүние емес, тамшыдан су көбейер,

шыбықтан ну көбейер деген. Әр жаңуяға бөлгенде бір тоқтыдан да келмейтін дүние екен. Бұл аз күнде дайын болады.

– Енді осы сыйлықты аға сұлтанға тарту етуді кімге жүктейміз? Азуын айға білеген, орысқа арқа сүйеген атақты Абылай тұқымына «ұтымды ой», «тартымды сөзін» өткізе білетін, күні туса Ақ Ордасын қатар тігетін, көңілді көл ететін сөздің парқы, ел қамын ерте ойлар ердің салты дегенді көңілге ту қылып ұстайтын, ел бастаса көсем, сөз бастаса шешенді іріктеп аттандырсақ.

– Ой, бәрекелді-ай! Ерікті сөзді емеуріннен байқаған, орынды ойды оралымды етіп айта алған, өзіңіз емессіз бе? Осы ел тағдыры шешілетін жұмысқа баратындардың біреуі сіз болыңыз.

Сөйтіп, көптің ақылымен дайын болған сапарға елінің тұтқасын ұстаған үкірдай, мың басы Салпық биді басшы етіп, Суанның сөз ұстар жақсы игілерін қосшы етіп, Алтынемелге аттанады. Шығыс Түркістанды Қытайға қайтарып берген орыстар, сол жердегі елдің Жетісуға қоныстануға қарсы емес екені, сол кезде Дүнгендердің шекарадан өтуі еді.

Аға сұлтан Тезектөреге Салпық би бастаған Суанның сөз ұстарлары апарған тарту-таралғы балдай батып, судай сіңді. Өйткені генерал – губернатор Колпаковскийдің Шығыс Түркістаннан бері өткендерге қысым жасамайтынын білетін аға сұлтан Жаркент өңірінен Қаңлыларды, Төленгіттерді Алтынемелдің батысына көшіріп, Суандарға Қорғас өзенінен Алтынемел тауына дейінгі жерді босатып береді. Ел бүгінгі отырған қоныстарына, сол 1881 жылдан ру – румен жайлап келеді (Салпық бидің аға сұлтанға бағалы тарту-таралғы апарып, елін Жаркент өңіріне көшіруі жазылған фактіден алынған). Салпық би Жаркент өңіріндегі Бурақожыр өзенінің бойына өз туыстары Туматай ұрпақтарын орналастырады. Қазіргі Жаркент арасаннан Керме ағашқа дейін (Көк ағаштың шығыс жағы) Туматай ұрпақтарына жер әперген. Қазіргі ауыл аяғындағы орыс тоған деген жерде, Бейісбектің бағы аталатын жерде Туматай Бейісбек бай қыстау салып, жеміс ағаш өсірген. Сонау Үшарал ауылының төменгі жағындағы Наркеткен суының оң жағындағы, қазіргі Ұябек деген жерде Туматай Ұябек қыстап, қыста төрт түлігін жайылыммен шығарып кететін болған. Сонау Шығыс Түркістан жеріндегі Қас өзенінен Қорғасқа дейін Алатауды бөктерлей жеті атасынан жайлап келе жатқан өзінің қасиетті Суан бабасының ұрпақтарын түп көтере Жаркент жеріне көшіріп келіп, Қытайдың қырғынынан қорғаған Салпық Апахаңа өзімен аталас Туматай балаларына Бурақожыр өзенінің басынан аяғына дейін қоныс беру сол кезде көңілге қонымды болғаны анық. Осы Бурақожыр өзенінің (сол кезде Қу өзені деп атаған. Бурақожыр деп, Шоқан Уалиханов қойған ат) орта ағысының Шығыс жағындағы Жуан ағаштың (сол кезде солай атаған) солтүстік жақ жағасында ордасын тігеді.

Ел-жұртын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Шоқан Уалиханов 1856 жылы Құлжаға сапарында басып өтіп, «жыланы мен кесірткеден аяқ алып жүре алмайтын, келте құйрық ақ жыланы басқан жерден шыға келетін шөл дала екен» деп естелігінде атап жазып кеткен құмды жерге су шығару үшін Бурақожыр өзеніне Құреспе сайының төменгі тұсынан басталған өстеңді (канал) сонау Жылыбастауға дейін тартып, елді қарық еткен. Ғасырдан – ғасыр тусыраған шөл далаға егін егіп, жеміс өсірген елі Апахаңа екі дүниеде риза болып өтіпті. Бүгінде сол өстеңнен көптеген қожалықтар ырызғысын тауып отыр. Қазіргі кезде сол өстеңді елі «Салпық арық» дейді. Ойпатындағы Салпық сазында күзде, көктемде бие байлайтын орын әлі сайрап жатыр.

Осындай құрметке бөленген Салпықты би сайлап алған елі «әділ шешімнің әуселесін келтіретін, Апахаң», - деп алыстан ат терлетіп келіп әділ биліктен туған шешімге риза болғандар көп болған.

Салпық би Жаркент өңіріне ауып келген соң да шаруашылығы үшін өрісі мен қонысы кеңейіп, Өртеңсай, Күйелі, Күлді қара, Аяқсаз, Жіңішке арал мал шаруашылығының көктеуі, күзегі, жазғы жайылымы болған. Өзі ел – жұртымен Үйгентас (Бел) жайлауының Құсмұрын аталатын, үш жағын бірдей қарағай көмкерген, алды аңғарлы Алатауға қарап ашық жатқан, бұлағы бұлқынып, бастауы мөлдіреген, аршасы бүрлеп тұратын, шетені гүлдеп тұратын, беткейінде ұлары шулаған, өзенінде патша балығы тулаған, аспанында қыраны қалықтаған, алтын тамыр рауғашын теруден жастары жалықпаған, ұрттаған қымыз денеге дәрі болған, желідегі бұлқынған құлыны жайлаудың сәні болған, жаз бойы той – жиынның әні болған, жақсылықтың бәрі болған осы қоныс Салпық бидің бүкіл Белжайлаудан таңдап алған жаз жайлаудағы қонысы. Бүгінде өзінен кейінгі ұрпақтары әлі жайлап келеді. Кейінгі кезде осы періштелі пейіштей Құсмұрын жайлауының атын өзгертіп «Басат қарағай» деп атап жүргенін газеттен оқып қалғаным бар. Сонау Үйгентас деген бүкіл жайлаудың атымен қатар, неше ғасыр бірге аталып келе жатқан, сонымен қатар 1856 жылы Шоқан Құлжа сапарын жасағанда, осы Үйгентас жайлауынан өтіп бара жатып, «Үйгентас өткен соң жылғалар басталады да, кейін олардың бәрі бір арнаға құйылып, Құсмұрын шоқысынан доға сияқты иіле ағып жатады» ,- дейді. Ал, «басат» деген сөз «тыныш, жайлы теңіз қойнауы» деген ұғымды білдіретінін білгіштердің құлағына салғым келеді. «Қазақ сөздігі» кітабын қарасын. Ғасырдан қалыптасып кеткен тарихи атқа қиянат жасау, сол жерде өмір сүріп өткен ата – баба әруағын сыйламау емес пе? Ойлан, ағайын!

Күреңбелде өткен үлкен бәйгеде «Аққоян» атты тұлпары бәйгеден жалғыз қара келгенде, бас бәйгеге тігілген түйе бастатқан тоғызды той иесі Салпық бидің қанжығасына байлайды. Сол кезде бәйгені тосып тұрған қалың елдің ортасынан: «Уа, Халайық! Алыс ағайын арасынан еліне Баян келді, бәйгеден дара шапқан Аққоян келді! Ат бәйгесін Баян алсын ба, Аққоян алсын ба?» - деп дауыстайды. Ағайын арасын бұзып көрмеген, қатынасын үзіп көрмеген би: «Баян алсын!», – деп бәйге жолын Тұрдымбеттің үлкені Тұрсын руының биі Баянға ұсынады. Найман Баян деген Салпық бимен араласыпты дегенді естіп те, оқып та көрмедім. Суан Баян би Дулат елінің ішінде біраз жыл қоныстанып, еліне қайтқанын тарих растайды. (Шындық қолымда бар). Сондықтан шындыққа өтірікті тұздықтаудың қажеті аз.

Салпық би 1900 жылы дүниеден өтті. Күмбезі аяқталған жылы Үйгентас жайлауындағы Ақтасты өзенінің Құсмұрын шоқысы тұсындағы өзенге құяр жердегі бетегесі белден келетін кең алқапта бір жыл бұрын Албан, Суан, Жалайырға сауын айтуымен бүкіл Суанның игі жақсылары ат үстінен түспей жүріп жылын өткізген.

1910 жылғы патшалық Ресейдің жүргізген санағы бойынша Салпық би әулетінен тараған барлығы 104 адам болған, оның 52-сі ер адамдар, 52 әйел адамдар болған. Сол жылғы мал санағында 15 отар төрт түлік мал көрсетілген екен. Олар жоғарыда мен атап кеткен жайлау, көктеу, күзек, қыстауда мыңғырып жатқан. Осы анықтамаға қарағанда Нағарашы ауылында өмір сүріп өткен Данияр молданың, «тіршілігінде Салпық бидің жылқысы суға түскенде, Бурақожыр өзенінің суы тоқтап қалады екен», – деп естіген сөзі шындықтан таралғанға ұқсайды. Салпық бидің Қорғас өзенінің Ілеге құяр тұсындағы мал қыстататын түбегінде кейін дуан Тоқсаба мен баласы Аюп иелік еткенде, мал басы көбейіп байғанын ел аңыз етеді.

Базархан ЖАҚЫБАЕВ.
Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі,
ҚР Мәдениет саласының үздігі.
Көктал ауылы.

ТАНЫМ ПАТШАЛЫҒЫ

Менің баға жетпес бағым, алтын тағым мен баянды бақытым – өмірде куаныш пен қайғыны бірге бөліскен аяулы асыл жарым, жылдың төрт мезгілінде дүниеге келген сүйікті перзенттерім, сүйікімді періште-немерелерім, қашанда құрақ ұшып тұратын құда-жекжаттарым, бауыр ет-бауырларым, пенделіктен жоғары тұратын, өмір өзі електен өткізген шынайы достарым.

Осыларға құдіреті күшті Тәңірім мықты денсаулық, бақыт пен берекенің шапағаты мол нұрына бөленген ұзақ та мағыналы өмір берсін деп тілеймін!

***

Өмір біздің ұлы хәм басты ұстазымыз. Ал отбасы – кішігірім мемлекет, тәуелсіз қазақ елінің бір бөлшегі. Кіші мемлекетсіз үлкен мемлекет құралмайды. Отбасымызда тыныштық, бірлік пен тірлік болса мемлекетіміз де барлық жағынан мықты болады.

***

Түрік данасы Ф. Гүлен: «Иманға келу оңай, бірақ иманды болып қалу қиын» деген екен. Адам баласы мансап пен байлыққа қолы жетсе де имандылықты көздің қарашығындай сақтауы керек. Имансыздық барлық қатігездіктің, жауыздықтың, тоғышарлықтың, ашкөздіктің, түптің түбінде өзіне өзі ор қазудың алғышарттары.

***

Тәңірі берген дәулеттің ақылмен қызығын көріп, жұмсай білу мен мұқтаждармен бөлісу – имандылық пен адамгершіліктің нағыз көрінісі хәм үлпетті үлгісі десек болады. Мынау жалған дүниеде бір ұртың май, бір ұртың қан болып өмір сүрудің бақилық дүниеде Тәңірі алдында қатаң сұрағы болатынын естен шығарма, ей пенде!

***

Өмір болған соң Тәңірі адам баласын түрлі сынаққа алғанда налитынымыз, ал жарылқаса Тәңіріні ұмытып, көзімізді шел басып шалқитынымыз, пенделікпен күпірлік жасайтынымыз шындық. «Сабыр түбі – сары алтын» демекші әрбір сынаққа төзіммен қарағанымыз, ал жақсылыққа тәубе келтіргеніміз ләзім дұрыс амал болар.

***

Қырық шырақты әйелдің бір шырағын жарқыратып жаға білген ер азамат отбасын шынайы бақытты етеді.

***

Өміріміздің жалғасы – имандылықты, адалдықты хәм еңбексүйгіштікті бойына сіңіріп өскен балапандарым. Тұңғышым Әсем жасыл әлемге Тәңірім күннің бар қызуын төккен кезде – жадыраған жазда, қасиетті де киелі қара шаңырақтың иесі Мұхитым – Тәңірім жер бетіне молшылықтың ырыздығын толтырған берекелі қоңыр күзде, жан дүниесі мен пейілі қаңтардың ақ қарындай әппақ таза, жақыны десе ішкен асын жерге қоятын періште көңіл Айзадам – барша әлем құпия сыр бүккен қаңтарда, сүткенжеміз Айдана бар тіршілік оянып, айнала дүр кілемдей құлпырған, көңілге ерекше бір жылы лепті нұр тұнған – көгілдір көктемде дүниеге келіпті.

Шаңырағымызда жылдың төрт мезгілі кезең кезеңімен келетіні сияқты бауыр ет-балаларымның да жылдың төрт мезгілінде жарық дүниеге келгені Жаратқанымыздың құдіреті және оның маңдайымызға жазылған бақыты мен бағы деп есептеймін. Осы бір тамаша үйлесімділікті отбасылық өмірімізге берген Тәңіріміздің ең Ұлы сыйы деп білеміз!

Аузымыздан Алламыз бен тәубеміз түспейтіні де өзімізді қоршаған сол тылсым дүниедегі Ұлы құдіреттің күшін, сұлулығын, сырын аз да болса жүрегімізбен сезінгендіктен шығар деп ойлаймын.

Бекмұхамет СЕРІКБАЕВ,
Қазақстанның Заңгерлер және Журналистер Одақтарының мүшесі.
Жаркент қаласы.

Жемқорлық – қоғамға қауіпті дерт

Қоғамның қасіретті дертіне айналған сыбайлас жемқорлықты болдырмау барлық сала басшылары мен әрбір азаматтың басты ұстанымына айналуы тиіс. Сонда ғана қоғамдық дамуды тежеген дерттен құтылуға болады.

Осы орайда, құзырлы органдар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, онымен күрес жолдарын барынша күшейтіп, заңдарын жетілдіруде. Мысалы 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңы, 2005 жылы мемлекеттік қызметшілердің Арнамыс кодексі бекітілді. Ал, 2007 жылдың 12 қаңтарында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң қабылданды. Ал 2015 жылдың қараша айында көпшілікке ұсынған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» заңда бұдан бұрынғы заңнамада кеткен олқы тұстар түгел дерлік ескерілді. Бұл заң 2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны, Елбасы айқындаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13-қадамның жүзеге асыруға бағытталғанын да айта кеткеніміз жөн. Заңдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі бап жемқорлыққа қарсы тәрбиені ғана емес, жегіқұртқа қарсы насихат жұмысын кеңейтуді, ақпараттық қызметті, сондай-ақ сыбайластыққа төзбеушілік қасиетін жетілдіру мақсатында ат салысып жүрген азаматтар қаншама. Жас ұрпақтың болашағы жарқын болып, жемқорлықсыз әлемде өмір сүруі бүгінгі беріліп жатқан тәрбиемен қатар үлкендердің өнегелі жолына тікелей байланысты. Қазірден соларды адалдық пен тазалыққа, біреудің ала жібін аттамауға баулысақ, ертең оның жемісін көрмекпіз. Сондықтан жемқорлықтың жаман әдет екенін жас ұрпақтың санасына сыналап енгізе беруіміз қажет.

Гүлдана ҚАШҚЫНБАЕВА,
Үлкеншыған ауылы.

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде – «АЛМАТЫҒА АТТАНУ»)

ТАЛАПКЕРЛІК ЖАҒДАЙ

Институт деген мен үшін киелі орынға құжат тапсыруға дайындалдым. Ол үшін мектеп бітіру емтихандарына арнап, жұқа қоңыр түсті жібектен тігілген ақ жағалы костюмді киюім керек. Оны кисем жолым болып, құжатты тапсыру дұрыс өтуі тиіс. Ол костюм маған үнемі қуаныш әкелетін. Шашымды ваннаға кіріп, тарап түрғанымды көрген апай «міне, байлық, қандай әдемі шаш, шіркін-ай, шашты осылай сақтау керек қой!» деп бөлмеге сөйлей кіріп, атайға да соны айтып құптатып жатты. «Егер менің тоғызыншы сыныптағы шашымды көрсе ғой» деймін ішімнен. Ырғыздың ащы суына шомылып жүріп-ақ осындай шашқа ие болдық. Ал, Бақыт інім қайтыс болғанда шашым төгіліп түсіп, жердің бетін жауып қалатын жағдайға жетіп, содан қалғаны осы. Жанып түрған жалындай інім қайтыс болып кеткеннен кейін, әркім әр түрлі сөз айтып, өзі жаралы көңілімізді одан әрі жаралады емес пе?

Халықтың көпшілігі «баланы су шақырған, сондықтан өзі өзеннің тереңіне дейін кешіп барып батқан» дегенді айтты. Мұны көрші Бадигүл апайдың сөзі де құптағандай болды. Суға кетерден үш күн бұрын судың жағасында қолын жағына сүйеніп отырған Бақытты көріп, «балам-ау, неғып отырсың, қалың ойға кетіпсің ғой» деп күлсе керек. Сонда бала жалт қарап, «иә, апа, үлкен ойда отырмын» депті-мыс. Енді ол кісі өкінеді екен, «неге сонда анасына айтып, баланы ұшықтатпадым екен» - деп. Осындай неше түрлі жорамалдар орны толмайтын өкініштті одан әрі тереңдетіп, кеудені кернеген уды күшейте түспеді ме? Қасына ерген Мерейдің де қорқып кетіп, үйіне жүгіріп жеткен күйде пештің түбіне жата қалып ұйқыға кеткенін айтсайшы. Біз Бақытты іздеп аласұрып жүргенде, ол тәтті ұйқыда жатқан. Осылай бәрін ретімен орналастыратын Аллаға не айтасың. Шашымды сөз етуге байланысты осылайша бұрынғы уайым ұшқыны қайта оралып, тұншығып түрған кезімде ойымды Розаның «Казна, давай пошли» деген даусы бөліп жіберді. Есімді тез жинап, шашымды өрген қалпында бос жіберіп, ваннадан атып шығып, Розаға еріп жүре бердім.

Жолда Роза маған Алматының көшелерінің аттарын атап, әлек болғанмен, менің ойым көшеде емес, құжатты қалай тапсыруда болып келеді. «Міне, келдік» деп, Роза институттың ғимаратын көрсеткенде еңсесі биік екі қабат үйдің алдынан топ-топ жастардың жосылып, ерсілі қарсылы ағылып жатқанын көріп шошып кеттім. Мынаның бәрі оқуға түскелі келсе, мұның ішінен маған орын қайда, бекер-ақ келген екенмін деген өкініштің басы қылтия бастады. Екеулеп жүгіріп жүріп, құжатты өзім қалаған факультетке түс ауа әрең тапсырдық. Енді жатақхана мәселесін шешу үшін Карпенко деген жатақхананың комендантына келдік. Ол кісі орыс болғанмен, қазақша судай сөйлейді екен. Ол «қазір жатақханадан орын жоқ, келген талапкерлерді спорт залға орналастырып жатырмыз. Онда ешқандай арнаулы төсек болмағандықтан, әзірше бәрі жерге жатады. Алғашқы емтиханнан кейін-ақ, бұлардың біразы еліне қайтады ғой, сонда жатақхана босай бастайды. Ал, қазір сонда барындар», – деді. Мына жағдайды естіген Роза маған қарап, «біздің үйде жата түрарсың», – деді. Мен неде болса, талапкерлермен бірге болғым келетінін айттым, киімдерімді алу үшін Розаға еріп үйге келдім.

Құжаттарды тапсырып үлгергенімізге атай қатты қуанғанмен, жатақхана жайын естігенде «мүмкін осында жата түрарсың» деді. Мен рахметімді айтып, көпшілікпен бірге болатынымды білдірдім. «Ондай ойың болса, жарайды, дегенмен хабарсыз кетпе, келіп түр, жолды жақсылап біліп ал» - деді атай.

Апай менің шабаданымды сүйрелеп әкеліп, «Ойпырмай, мынау не пәле? Зілдей ғой, тас салғансың ба ішіне?», – деп күледі. Мен болсам, осы ауырлықтан құтылудың жолын тапқандаймын. «Апай, – дедім, өз мүлкімнен өзім шошынғандай, қолыма ұстамай түрып. – Осыны сізге берсем деймін». «Оны қайтемін мен қызым-ау, бұл өзі не нәрсе?», – дейді апай таңданып. «Апай, бұл жент пен май ғой, апам айтқаныма болмай салып еді, мен оны жемеймін және ол еріп те кеткен болар», – дегенде апайдың көзі шарасынан шығып кетті. «Бұл неғылған ауыр зат десем, қарағым-ау, мұны қай жеріне жейді деп ойлады екен сенің анаң», – деп атайға қарады. Атай болса кеңкілдеп күліп алды да, «Ей, сендер не білесіндер, бұл қызымның анасы дұрыс жасаған, қарындағы май мен жент ешқашан бұзылмайды, қайтсін баласының қарыны ашып қалмасын деген ғой. Сақтай алса, бұл бала оны бір жыл жейді». «Олай болса, өзің жерсің алып кет» деп апай безектеуде.

Мен шынымен шешілдім де, енді бұл жүкті көтермейтінімді бір-ақ кесіп айттым. Манадан тек сөз ғана болып түрған нәрсенің не екенін көзімен көргісі келген апай шабаданды ашып жіберіп, таң тамаша қарап түрып қалды. Үлкен екі қарын айқаса орналасқан қалпында ешбір өзгеріссіз, теңкиіп жатыр. «Алла!, – деді апай. – Мынау не деген көп нәрсе, мұны қашан жеп тауысамыз?». Атай жақындап келіп көрді де, «Қайран ауылдың берекесі-ай, – деп, әйеліне қарап, – немене түк көрмегендей болып түрғаның, бұл қызым енді ауыр көтергісі келмей түр, ал деген соң ал. Құдайдың берген несібесі шығар, мен кеше айттым ғой, бұл баланың аты тегін Қазна деп қойылмаған. Алып жей бер, аман болса бәріне де жетеді. Өзі де керек кезде келіп жеп түрар. Енді мұны далаға тастай алмаймыз ғой», – деді. Сонан кейін маған қарап, «Шырағым, мынау көп дүние, бірақ шынында да, сенің қазір сүйреп жүруіне келмейді. Аман-есен оқуға түсіп кетсең, шетінен алып кетіп, жеп түрарсың, бұл саған да, бізге де жетеді» деп бір-ақ тұжырым жасады. Осы сәтте мойнымнан бір үлкен жүк түскендей жеңілдеп, мен де қуанып қалдым. Сыртқа шығысымен, Роза жолды әбден сілтеп, қалай баратынымды түсіндірді.

Манағы сілтеген жолмен, кішкене адасыңқырып, сұрай-сұрай өзім көрген жеріме де жеттім. Құдайға шүкір, енді жүгім жеңіл, қолымда кішкене ғана қобдиша, институттың бірінші

қабатында орналасқан үлкен спорт залына енсем, құжынаған адам. Ерсілі-қарсылы шұбырып, бірі кіріп, бірі шығып, жерге төсеген төсектерінің үстінен олай былай аттай өтіп, өріп жүр. Мен қай жерге орналасарымды да анықтай алмай, дал болып тұрып қалдым. Ешкімді танымаймын, кімге қарай жақындауды да білмей тұрмын. Бір кезде үш қазақ қызы жүктерін көтеріп келді де, орта тұстан орын тауып, жайғаса бастады. Сол кезде мен де жаюлардың ара-арасымен жылжып, залдың орта шеніне барып, бір ашықтау жерге қобдишамды қойдым. Әркім өздерінің төсегін төсеп жатыр, менде ештеме жоқ. Бұлар төсекті қайдан алды екен деп ойлаймын. Төсеулі жатқан матрацтарының бәрінің түрі жаман, обыл-собыл, ескі. Тіпті кейбіреуінің ішіндегі мақтасы домаланып бөлек-бөлек болып торсиып жатыр. «Ой, фу!» деп қояды кейбір қыздар өздерінің әкелген төсектерін жайып жатып. Менде мұндай да жоқ. Кімнен сұрасам екен деп түрғанда жаңағы үш қыз төсенішті қайдан алатынын біліп алып, сыртқа шыға бастады. Мен де қобдишаны сол жерге қалдырдым да, олардың соңдарынан ердім. Төсек беретін жер онша қашық емес екен және төсекті беріп жатқан манағы мен көрген орыс атай. Мен құжат тапсырған қағазымды оған ұсына баргенімде, бетіме қарап, «ә, ұзын шашты қызым, сен де келіп қалдың ба» деп күліп, үлкен бір матрацты құшақтата салды. Оның үстіне жастық сияқты жұмарланған бірдеңені салды және түсі ақ деуден гөрі сұр деуге жататын, жуа-жуа әбден түрі кеткен екі жеңіл жабынды берді. Матрацты көтергенде қабырғам қайысып-ақ кеткені, шіркіннің ауырлығы-ай! Оның үстіне, жағымсыз қоңырсық иісін айтсайшы! Сыртқа шығысымен кешқұрым болса да әлі күндізгі ыстықтың аптабы басылмай, тымырсықтанып тұрған ауаға мына иығымдағы жүктің қолайсыз иісі қосылып, жүрегім айнып, басым айналып құсқым келіп кетті де, көтеріп келе жатқан жүгімді жерге тастап жіберіп, өзім оның үстіне отыра қалдым.

Жалғыздықтың басыма анық түскенін енді сезгендей, көзімнен жас та ытқып кетті. Осы жерде «қап, бекер-ақ Алматыға келген екенмін. Кімге сендім десейші. Мана ана шал айтқан жоқ па? Бірінші емтиханнан кейін-ақ бұлар жапырлап еліне қайта бастайды» деп. «Солардың бірі мен болатын болсам, бұл не азап?». Осылай жылап отырғанда манағы екі қыз бір матрацты жұқа жабындының үстіне салып, екі жағынан екеуі көтеріп келеді екен, мені көріп тоқтады да, «неғып отырсың түр, неге жылайсың?», – деді. Менде үн жоқ. Олар екеу болғандықтан, көңілді-ақ. «Түр жүрейік, біз қайта келуіміз керек, барлық төсенішті бірден көтере алмаған соң, біртіндеп алып келеміз. Саған әрине ауыр, жүр демалып-демалып жетесің» деп мені жұбатты. Сол кезде осыған дейін ешкімнің менімен ісі болмағаны да мені әлсіреткен сияқты еді, мыналардың көңіл аударғаны біраз қуат беріп, тырмысып, қайтадан жүгімді иығыма салып көтере бастадым.

Арасы онша қашық емес, бір ғана көшенің екі жағында орналасқан жерге өліп талып жетіп, белгілеп кеткен орнына келіп, иығымдағыны еденге лақтыра салдым да, өзім соның үстіне отыра кеттім. Орынның тарлығынан кейбір қыздар баж-баж етіп, бір-бірімен ұрысып та жатыр. Байқағаным, ешкімнің орнына жармаспай, төсенішті байқап төсеудің керектігі. Таң атқалы тынбағандықтан, әбден шаршағанымды енді байқадым. Қатар-қатар жайылған қаптаған төсекке қарасаң, басың айналғандай, соның үстінде шоқ- шоқ болып отырған қыздар, бірін-бірі бұрыннан білетіндей, гу-гу етіп әңгімені соғып жатыр. Біреулері аузы аузына жұқпай орысша сөйлейді, енді бірі қарқылдап күледі, маған осылардың бәрі бір жағынан қызық, бір жағынан қорқынышты. Мен ешкімді танымаймын. Енді ертеңнен бастап емтиханға дайындалу керектігін ойлап отырып, төсектің үстіне қисайған қалпымда ұйықтап кеткенімді де сезбей қалдым.

Түн ортасында басыма «сарт» еткен соққыдан шошып оядым. Ұйқылы ояу қайда екенімді де білмей, атып тұрып жан-жағыма қарасам, үлкен кең залдың терезесінен даладағы электр шамының сәулесі түсіп тұр. Жағалай торсиып-торсиып әр түрлі қалыпта домалап жатқан адамдардың неше түрлі дыбыстары. Басымды ұстап, не болды деп көзімді аша бастадым. Менің тура бас жағымда бір қыздың сорайған ұзын аяғы көрінеді. Сірә, сол керіліп созылған кезде мені бастан тепкен болу керек. Біраз есімді жинадым да, басымды екінші жаққа қаратып жатайын десем, онда да бір қыздың аяғы көрінеді. Сонымен көп ойланбай-ақ, төсегіме көлденең орналасып, бүк түсіп жата кеттім. Жатқанмен, енді көзім ілінер емес, үйдің ішінің бәрі есіме түсті, сағындым. Таң да атып болмады, қыздар улап-шулап тұра бастады. Әр қайсысы түнде қалай ұйықтағандарын, кімді кім тепкенін айтып мәз болуда. Менің бар ойым кешегі орыс атаға бару. Ағылған қыздардың соңына ере отырып, тамақтанатын жерді тауып, бір булка мен бір стақан шайды мен де алып, тамақтандым.

Кешегі атайға келдім, атайдың көзі маған түсті де, күлімсіреп, «саған не керек, қызым, сен кеше алып кетіп едің ғой», – деді. Жақындап келіп, «ата, мені түнімен басымнан теуіп шықты, анау жерде жата алмаймын, жатақханадан орын беріңізші», – дедім. «Мені басымнан теуіп шықты» дегенді естігендер күліп жатыр. Атай бетіме тесіле қарады да, «сен кішкене күте тұр. Мына адамдарды жіберейін, сосын сөйлесеміз», – деді. Іші кең, бірақ ретсіз шашылған бөлменің төр жағында қабаттап жиналған жүктерді атайдың жәрдемші жігіттері әркімге алып беріп жатыр. Бір кезде атай менің қасыма келді де «бері жүр» деп, алдыма түсіп үлкен екі қабатты жатаққанаға қарай беттеді. Қатты-қатты адымдап келе жатқан атайдың артынан қалмау үшін жүгіре жорытып келемін. Атай осы тоқтамаған қалпында жатақхананың екінші қабатына көтеріліп, бір есікті қақты. Ішінен шашы қап-қара қазаққа ұқсайтын бір қыз шықты. Атай оған орысшалап бірдеңені түсіндірді де, кір мында деп мені ішке қарай нұсқады. Кіріп келсек, төрт қыз отыр, бәрі бір-біріне ұқсайтын сияқты. Бірақ, қазақ емес екенін кіргеннен кейін байқадым. Олардың барлығы да орысша сөйлейді екен. Атай бір бос тұрған темір төсекті көрсетіп, «міне, осында орналас», – деді. Мұндай күйге қолым жеткеніне қуанғанмен, енді ойыма өкініш те орала бастады. Мыналардың бәрі орысша сөйлеседі, ал мен болсам, ешқандай орысша білмеймін, енді қайттім. Басымнан тепсе де сол жерде неге жата бермедім, бекер-ақ келдім бе? Бірақ, енді шегінуге жағдай жоқ, неде болса, осында келіп орналасуым керек. Атай маған қарап, «ал, міне, жақсы жер тауып бердім, енді сенің басыннан ешкім теппейді, кешегі алған төсектеріңді бері қарай тасымай-ақ қой, тек ақжайманды алып келсең болады», – деді. Мен атайға ризашылықпен рахметімді айттым.

Сол күннен бастап өзіме-өзім келіп, институтқа барып, емтихан болатын күндерді біліп, сыртқа шығып, қай жерде не бар екенін көре бастадым. Алматының әдемі қала екенін, көше бойындағы самсаған ағаштар мен оның түбінен тартылған арықтардан сылдырап ағып жатқан мөп-мөлдір суының тамашалығын енді ғана сезгендеймін. Көшенің келесі бетінде Панфилов саябағы бар, іші қандай әсем. Жалғыз өзім саяжайға кіріп біраз араладым. Әрбір ағаш түбінде қаптаған жастар. Мен де оқулықтарымды әкеліп, емтиханға дайындалуды бастадым. Қазіргі кездегі қиналатын бір ғана жағдай, қасымдағы қыздармен орысша сөйлесе алмайтындығым. Жападан жалғыз қалғандаймын.

Бірінші емтихан әдебиеттен шығарма жазуға кірдік, қыз-ұл бәрі аралас отырғызылды, «білетін тақырып келсе ғой» деп тілеп отырмын. Тақтаға жазылған тақырыптардың ішінен «Абай лирикасы» дегенді көргенде қуанып кеттім. Парталар арасындағы жолмен тексеріп жүргендер бірнеше заңсыздықтарды да тауып үлгірді. Оның бірі өте таңқаларлық жағдай, басқа қыздың орынына кіріп отырған адамды анықтады. Сонымен, айтқан уақыттан біраз бұрын шығарманы жазып аяқтап, оны қайта оқып шығып, өзіме өзім риза болып, қасыма мезгіл-мезгіл келіп, парталарды аралап, үнемі тексеріп жүрген апайға тапсырдым. Ол менің жұмысымды қолына алып қарап, біраз оқып түрып қалды. Бұл сәтте әлде не дейді дегендей, мен де тұрып қалдым. Сонан соң бетіме жалт қарады да, жылы жүзбен, жүре бер дегендей ишарат білдірді.

Бөлмеме жеттім де төсегіме келіп құлай кеттім. Сол жатқаннан кешке қарай бір ақ ояндым. Ертеңіне институтқа келсем, біреу қуанып, біреу жылап қым-қиғаш дүрбелең. Бұл не десем, шығарманың бағасы ілінген екен. Жанталасып, өзімнің аты-жөнімді іздей бастадым. Бойым да жетпейді. Баға ілінген жардың жанында бірін-бірі итермелеп, дуылдасқан талапкерлер. Тырмысып солардың арасына мен де ендім. Аяғымды көтеріп, алға қарай ұмтыламын. Сәлден кейін, көзіме оттай басылды төрт – «жақсы» деген баға қойылыпты. Енді жұрттың арасынан сыртқа қарай әрең шығып, ойланып қалдым, бұған қуануым керек пе, әлде ренжуім керек пе біле алмадым. «Төрт» деген бағамен осынша адамның арасынан түсе алам ба» деп ойлаймын.

Осылай әрі-сәрі болып тұрғанда, бір ұзын қара егде жігіт, «әй, қыз, қандай баға алдың?», – деді ерсі үнмен. Мен «төрт» алғанымды айтып едім, «ендеше неге мелшиіп, қуанбай тұрсың?», – деді тағы да. Сол-ақ екен, менің қасыма біраз жастар жиналып қалды. «Сенің жағдайың жақсы екен ғой, көрмейсің бе «бес» деген баға өте аз, «төрт» ең жоғарғы баға, біз «үшке» ілікке нуанып тұрмыз, «амандық болса, ауызшадан көтереміз ғой», – деп қояды. Біреулері біз үшке де жетпедік, бұл әділ баға емес, жақсы жазғанмын, қайта тексертемін дейді.

Дегенмен, сол сәтте өзімді бір ұжымға енгендей сезіндім. Осыған дейін мені көзіне іліп, не бір сөзге тартқан адамды кездестіре алмай, ішкұса болып жүргенмін. Сүйтсем, жұрттың бәрі енді біріккен сияқты. Түс-түста жүргендердің бәрі бүгін бір жерге жиналғандай. Енді екі күннен кейін әдебиет пен қазақ тілінен біріккен емтихан екені белгілі, саябаққа барып, тамақтанып, дайындалайын деп бөлмеме келсем, жаңағы қасымдағы төрт қыздың біреуі екі, қалғандары үштік баға алыпты. «Төрт» алғанымды қағазға жазып көрсеттім. Олар қуанып, құттықтады. Осылайша алғашқы емтиханнан өттім. Бірақ, бұл бағаға ішімнен риза болмадым. Мектепте жоғары баға алған тақырыбым және өз ойым «тақырыпты өте жақсы аштым» деген пікірдемін. Сол күні кешке қарай Роза мені іздеп келіп, үйіне алып барды. Оның ата- анасы қуанып, тамақтандырды, «жент алып кет» деп жатыр, мен оны жегім келмейтінін айттым.

(Жалғасы бар)

Қазна АЙМАҒАМБЕТОВА,
Алматы.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №756